



ЕЛОРДА – МЕДИЦИНА КЛАСТЕРІ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



АДАМЗАТТЫ ТІПІРЕНТКЕН АЛАПАТ

5-БЕТ | АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ



ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕМЕУ ӘДЕТКЕ АЙНАЛМАСЫН

8-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Біз бүгін саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске аламыз. Тоталитаризмнің бұл қырғыны халқымызға орасан зор қасірет әкелді. Тарихымыздың қайғылы кезеңдерін терең зерделеп, жазықсыз жапа шеккен боздақтарды ақтау ісін жалғастыру – өте маңызды мәселе. Азалы күндерден сабақ алып, мұндай нәубеттің келешекте қайталануына жол бермеу – баршамызға ортақ парыз. Біз ауыр сынаққа төтеп берген, ұлт бірлігін сақтап қалған және асыл қасиеттерін жоғалтпаған ата-бабамыздың үмітін ақтауымыз қажет.

№64 (4497)

Бейсенбі 1 маусым 2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

Бүгін Қазақстандағы 7 мың мектепте соңғы қоңырау соғылды. Елімізде биыл 3 млн 700 мыңнан аса оқушы оқу жылын аяқтап, 172 мың түлек 11-сыныпты бітірді. Соның ішінде 6800-і – «Алтын белгіге» үміткер. Ал Астанада 9539 түлек 11-сыныпты бітірді. Олардың 28-і – «Алтын белгіге» үміткер. Түлектер 18 мамыр мен 5 шілде аралығында ҰБТ тапсырады.

7

## ЖИНАҚТЫ ПАЙДАЛАН!

Биыл 1 шілдеден бастап еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы алушы зейнеткерлер тұрғын үй сатып алуға немесе емделуге өз зейнетақы жинақтарын пайдалана алады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, биыл 1 шілдеден бастап Әлеуметтік кодекс аясында еңбек сіңірген жылдары бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы жинақтары бар зейнеткерлерге тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе емделуге ақы төлеуге өздерінің зейнетақы жинақтарының барлық сомасын пайдалануға құқық беріледі.

Осы жылдың 1 шілдесінен бастап еңбек сіңірген жылдары бойынша

зейнеткерлер [www.enpftobasy.kz](http://www.enpftobasy.kz) интернет-платформасы арқылы БЖЗҚ-да жинақталған қаражатын тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалану үшін біржолғы зейнетақы төлемін алуға «Отбасы банк» тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ немесе екінші деңгейдегі банктерге жүгіне алады.

Емделу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемін пайдалану үшін жоғарыда көрсетілген интернет-платформа арқылы «Отбасы банк» тұрғын үй-құрылыс жинақ банкі» АҚ-қа ғана жүгіну қажет.

## БАЛАНЫҢ ЖҮЗІНЕН КҮЛКІ КЕТПЕСІН



Бүгін – Халықаралық балаларды қорғау күні. Елордада балаларды қуанышқа бөлейтін мерекеде ауқымды іс-шаралар ұйымдас-тырылады. Қаланың демалыс орындары мен алаңдарында бүлдіршіндер 50-ге жуық мерекелік іс-шараға қатыса алады.

Сұлтан СЕЙІТ

## МӘҢГІЛІК ТАҒЗЫМ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай елімізде және елордада көптеген іс-шара өтті.

Саяси-қуғын сүргін құрбандарын еске түсіруге арналған ауқымды шараның бірі Астана қаласының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде өтті. Бұл іс-шараға зұлмат кезеңде құрбан болғандардың жақындары мен қала тұрғындары қатысты. Еске алу шарасында құрбандардың рухына дұға бағышталып, ескерткіш тақтасына тағзым гүлдері қойылды.

3



## 43 ГРАДУС ЫСТЫҚ БОЛАДЫ

«Қазгидромет» алдағы күндері республиканың басым бөлігінде күн ыстық болатынын мәлім етеді.

«Атап айтқанда, еліміздің солтүстігінде және солтүстік-батысында күндіз +36, +41° градусқа дейін, шығыс өңірлерде +28, +33° градусқа дейін, орталық аймақта +30, +39° градусқа дейін, ал оңтүстікте +37, +45° градусқа дейін,

оңтүстік-шығыста +37, +43° градусқа дейін ыстық болады» деп жазылды «Қазгидромет» хабарламасында. Астанада ең ыстық күн алдағы дүйсенбі күні болады деп болжанады. Күндіз +37° градус ыстық болады деп күтіледі.

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 478.35 \$ USD/KZT 445.68 ₪ RUB/KZT 5.57 ¥ CNY/KZT 63.13

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№64 (4497) 01/06/2023 Бейсенбі

## ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласына жұмыс сапары аясында ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығына барды. Президент орталықта құжаттарды сақтау шартымен, мұрағат құжаттарын қалпына келтіру және микрофильмдеу кабинеттерінің жұмысымен танысты. Сонымен қатар Мемлекет басшысына өткен ғасырдағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты материалдар бойынша жүргізілген жұмыстардың экспозициясы көрсетілді.



Президенттің Жарлығымен 2020 жылдың қараша айында ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық

ақтау жөнінде мемлекеттік комиссия құрылды. Мемлекеттік комиссияның жұмысына қолдау көрсету мақсатын-

да 2021 жылы ХХ ғасырдағы саяси қуғын-сүргін материалдарын зерттеу орталығы ашылды.

ХХ ғасырдың 30-50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихына қатысты материалдар орталыққа ИМ, ҰҚК, Бас прокуратураның арнаулы мұрағаттарынан беріледі. Орталық таяу уақытта барлығы 715 мыңға жуық істі қабылдап алады деп жоспарланып отыр. Мұнда құжаттарды құпиясыздандыру, қалпына келтіру жұмысы жүзеге асады. Оларды зерттеу және ғылыми айналымға енгізу үшін тиісті жағдай жасалған.

Қазіргі уақытта тарихшы-ғалымдар мен орталық қызметкерлері «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар» атты көптомдықты баспаға дайындап жатыр. Бұл басылым ХХ ғасырдағы Қазақстанның саяси тарихының ғылыми көкжиегін кеңейтеді. Жалпы орталық қорында 260 мың іс, ал архивте 1 миллион 132 мың іс сақталған. Мемлекет басшысы тарихымызды зерделеу ісінде орталықтың жұмысы маңызды екенін атап өтіп, ұжымға сәттілік тіледі.

## САЙЛАУШЫЛАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады.

Президентке VIII сайланған Парламенттің төменгі палатасының қызметі туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, сессия басталғаннан бері Мәжіліс депутаттарының қарауында 75 заң жобасы болды. Оның 14-і қабылданып, Сенатқа жолданған. Қазіргі уақытта депутаттардың қарауында онлайн-платформалар, заңсыз сатып алынған активтерді қайтару, «Ұлттық қор – балаларға» бастамасын жүзеге асыру, қоғамдық бақылау, Тұрғын үй

қатынастарын жетілдіру туралы заң жобалары бар.

Ерлан Қошанов сайлаушылармен жұмыстың күшейтілгені туралы айтты. Азаматтарды қабылдау, комитеттердің салалық және көшпелі отырыстары тұрақты өткізіліп тұрады. Депутаттар халықтың өзекті мәселелеріне қатысты сауалдарды жиі жолдай бастады. Жуырда 2022 жылғы республикалық бюджеттің жұмсалыуы туралы Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның

есебіне қатысты қоғамдық тыңдалым өтеді. Президентке аталған шараға дайындық барысы туралы баяндалды.

Мәжіліс төрағасы парламенттік дипломатия аясындағы жұмыстың қорытындылары туралы да айтты. Бұдан бөлек, Мәжіліс биыл маусым айында Қазақстанның төрағалығы аясында БҰҰ қолдауымен ұйымдастырылатын Орталық Азия елдері әйелдері диалогының бірінші отырысын өткізуге дайындық жасауда.

## МОНУМЕНТКЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

Үкімет басшысының орынбасары Алтай Көлгінов пен Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек «Ашаршылық құрбандарына ескерткіш» монументіне гүл шоқтарын қойды.



«Үкімет басшысының орынбасары Алтай Көлгіновпен бірге саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алдық. Бұл қиы заман ешқашан жадымыздан өшпеуі тиіс. Өткенімізді есімізде сақтау арқылы

әр адамның құқығы мен бостандығын құрметтеуге бағытталған жарқын болашағымызды құра аламыз» деп жазды қала басшысы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Илон Масктың компаниясы адам миына микрочип орнатуға рұқсат алды.

Илон Масктың ми чипін жасайтын Neuralink компаниясы АҚШ-тың Азық-түлік және дәрі-дәрмек басқармасынан адамға жасалатын алғашқы сынақты өткізуге рұқсат алды. Neuralink өзінің микрочиптері арқылы миды компьютермен байланыстырып, салып қалған адамдардың қозғалысын және көзі көрмейтіндердің жанарын қалпына келтіруге ниетті.



Биыл Еуроодақ елдеріне қуаңшылық қаупі төніп тұр.

Құрғақшылықтан көбіне Еуропа Одағының оңтүстіктегі елдері – Испания, Португалия мен Франция зардап шегіп отыр. Ал Италияда оған қоса су тасқыны болып жатыр. Топырақтағы ылғал Балтық пен Скандинавияда да азайып кетті. Оңтүстік Еуропа күннің ысуына және қуаңшылықтың күшейетініне дайындалып жатыр. Ол елдердің ауыл шаруашылығына кері әсерін тигізеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкеновті қабылдады.

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР ӨЗГЕРІП КЕЛЕДІ

Кездесуде ел бірлігін нығайту, қоғамдық құндылықтарды дәріптеу ісінде қаламгер қауымының атқаратын рөлі қарастырылды. Мемлекет басшысы Жазушылар одағы ұлттық интеллигенцияның басын қосып отырған қара шаңырақ екенін айта келіп, ақын-жазушылардың халық әдебиетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қоғамның бірлігін нығайтудағы еңбегі зор екеніне назар аударды.

Президенттің пікірінше, бүгінгі уақыт талабы басқа. Оқырманның талғамы, қоғамның құндылығы – барлығы өзгеріп келеді. Сондықтан шығармашылық ортаның жұмысы да бүгінгі заман талабына сай болуы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ әдебиетінде қазіргі оқырман талғамына сай, іздеп жүріп оқитын қызық

туындылар жазылуы керек екеніне айрықша тоқталды. Сонымен қатар жас ақын-жазушылардың шығармашылығына ерекше назар аудару қажет екенін атап өтіп, мемлекет тарапынан қаламгерлерді қолдау шаралары жалғаса беретінін айтты.

Мереке Құлкенов Президентке Жазушылар одағының жуырда өткен съезінде талқыланған маңызды ұсыныстар мен ұйымның алдағы жоспары жөнінде баяндады. Атап айтқанда, Жазушылар одағының төрағасы Президентке «Мәдениет туралы» заңға қазақ жазушыларының шығармаларын басып шығаруға және кеңінен таратуға септігін тигізетін арнаулы нормалар енгізу жөнінде ұсыныс айтты. Сондай-ақ қаламгерлерге жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқаны үшін Президентке ризашылығын білдірді.

## АСТАНАДА 5 ЖАТАҚХАНА САЛЫНАДЫ

Бас қалада биыл 1900 орынға арналған 5 студент жатақханасы салынып, пайдалануға беріледі. Ал 2025 жылға дейін жеке инвесторлар мен жоғары оқу орындарының өз қаражаты есебінен 11 мыңға жуық орынды тапсыру жоспарланған. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



Астанада студент жатақханаларын салу бойынша жобалық кеңсе ашылды. Фронт-офистің негізгі міндеті – жатақханалар салу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау және студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету, сол сияқты ЖОО-лар мен әлеуетті инвесторларға заңгерлік, консультациялық және сараптамалық қолдау көрсету.

Жобалық кеңсенің ашылуында Астана әкімі Жеңіс Қасымбек пен Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек құттықтау сөз сөйледі.

«Елордаға оқуға келетін студенттер саны жыл сайын артып келеді. Қалада 15 жоғары оқу орны бар, онда 67 мыңға жуық студент оқиды. Олардың бір бөлігі бұл қаладан емес. Жауапты министрлікпен бірлесіп инфрақұрылымды құру бойынша жұмыс жүргіземіз.

Жатақханаларда кезең-кезеңімен орын дайындаймыз. Бұл жұмыс инвесторларды да, жоғары оқу орындарын да жұмылдыра отырып жүргізіледі. Біз өз тарапымыздан жер учаскелері мен әкімшілік мәселелер бойынша көмек көрсетеміз» деді Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.

Биыл «Қаржы орталығы» АҚ Ғылым және жоғары білім министрлігі әзірлеген жаңа тетік бойынша субсидиялауға және басқа да мәселелерде көмек көрсетеді. Бұл тетік әрбір төсек-орын үшін жаңа жатақханалар салу кезінде жәрдемақша беруді көздейді. Инвесторлар, Ғылым және жоғары білім министрлігі, Астана әкімдігі, «Қаржы орталығы» АҚ және бірқатар ЖОО арасында студент жатақханаларын салу бойынша алдағы уақытта табысты ынтымақтастық орнату туралы меморандумдар жасалды.

Өзбекстанда жібек жіп қосылған банкноттар шығарылады.

Өзбекстан әлемде алғаш болып банкноттар мен бағалы қағаздарға табиғи жібек талшықтарын қосып шығару технологиясын жасап шығарды. Мұндай қағаздардың қорғаныс қабілеті жоғары болады. Өзбекстан Орталық банкі баспасөз қызметінің мәліметінше, Әділет министрлігі табиғи жібек талшықтары қосылған қорғалған қағазды жасау бойынша өнертабысқа патент берді.

## ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА ТАҒЗЫМ



(Соңы. Басы 1-бетте)

**Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде өткен шараға Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов және қуғын-сүргін құрбандарының туыстары мен жақындары, сондай-ақ, қала тұрғындарымен қатар, оқушылар, жас сарбаздар қатысты. Олар бір минут үнсіз тұрып, зұлмат жылдарда қаза болғандарды еске алды.

– Өткен ғасырдың 20-30-жылдары еліміз үшін, халқымыз үшін өте ауыр кезең болды. Жаппай ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, репрессия, сұрапыл соғыс, ру-

хани құндылықтарға жасалған қиянаттардың кесірінен біздің халық өте көп зардап шекті. Сол тоталитарлық саясаттың нәтижесінде еліміздің қаншама бетке ұстар азаматы, айтулы тұлғасы атылып кетті, қуғын-сүргінге ұшырады. Отбасына, туыс-туған, бала-шағасына да қиянат жасалып, жер аударылды, түрмеге тоғытылды. Олардың саны 200 мыңнан асып кетті деген дерек те айтылады. Ол аз болғандай, 30-жылдардың басында басталған жаппай ұжымдастыру саясаты еліміздегі малдың жаппай қырылуына әкеліп соқты. Соның салдарынан қаншама халық ашаршылыққа ұшырап, аштықтан қырылды. Ресми дерек бойынша



1,5 миллион адам қырылды делінеді, бірақ жан сақтау үшін шекара асып, сыртқа кеткен қазақ қаншама... Мәселен, 1928 жылы елімізде 45 миллион мал болса, 1933 жылы соның 5 миллионы ғана қалған. 1928 жылы Қазақстанда 6,2 миллион халық болса, 37-38-жылдары 3,2 миллионы ғана қалған. Яғни жартысы қырылып қалған. Сол шығындардың орнын толтыруға халқымызға 50 жылдан астам уақыт керек болды. Егер де сол халық қырылмағанда, еліміздің халық саны бұдан бірнеше есе көп болар еді. Сондықтан біз



Оңалхан ӨНЕРХАН

## ЖҮЛДЫЗДАР ЖАРҚЫРАҒАН КҮН

Елордадағы ең үздік мектептің бірі – Астана қаласы әкімдігінің «Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты 2022-2023 оқу жылын сәтті аяқтап отыр. Оқу ордасында лицей оқушыларының интеллектуалдық деңгейін танытқан халықаралық, республикалық және қалалық пән олимпиадаларында, спорт жарыстары мен өнер сайыстарында жеңімпаз атанып, оза шауып бәйге алған жүлдегерлерді марапаттауға арналған салтанатты кеш өтті.

**Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ**

Дарынды балалардың мерейін өсіріп, жұлдызын жарқыратқан жиынға Оқу-ағарту министрлігінің бірінші вице-министрі Шолпан Каринова, Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев және «Білім-инновация» халықаралық қоғамдық қорының бірінші вице-президенті Мұхаммадали Ибрагимов, вице-президенті Ержан Әубәкіров, Шабан Жошқун, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының бөлім жетекшісі Айгүл Карқулова, «Астана дарыны» дарындарды даярлау және психологиялық сүйемелдеу орталығының директоры Жанар Бейсенбаева және өзге де құрметті қонақтар мен елімізге танымал әншілер қатысты.

Лицей директоры Руслан Сихимбеков оқушыларды жетістіктерімен құттықтап, жақсы оқуына тілектестігін білдірді. Білім саласындағы, жаңартылған білім жүйесіндегі оң істерді тілге тиек етті.

Жас болса да елордалық оқушылардың атын шығарып жүрген талантты балалар мен оларды дайындап, сайыс-



тарға қатыстырып жүрген ұстаздарға алғысын айтты.

Салтанатты жиынға қатысқан құрметті қонақтар оқушылар мен педагогтарға құрмет грамотасы мен алғыс хат табыстады. Сондай марапат алған оқушының бірі – Дінмұхаммед Омар. Ол – Қазақстан құрама командасының мүшесі, халықаралық Мендель олимпиадасының алтын медаль иегері,

республикалық пән олимпиадасында биология пәнінен жеңімпаз. Үздіктер қатарында Ғалымжан Бақтыбай «Жыл оқушысы» атанса, Ерасыл Алтынбеков «Үздік олимпиада жеңімпазы», Мақсат Нұрбақыт «Ең жас олимпиада жеңімпазы» деп танылды.

Ұлағатты ұстазды дәріптеп, дарынды шәкірттің мерейін өсірген әдемі кеш соңы тамаша концертке ұласты.

Елорда тұрғындарының жылдам өсуіне байланысты бас қалада емдеу мекемелерінде төсек-орын тапшылығы мәселесі өзекті. Осыған орай, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы 2023-2026 жылдарға 18 денсаулық сақтау нысанын салу және қайта жаңарту жұмысын жоспарлады. Сол жоспарға енгізілген №8 қалалық емханаға 8 айда күрделі жөндеу жүргізіліп, қайта пайдалануға берілді.

## ЕМХАНА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТТІ

**Райхан  
РАХМЕТОВА**

Емхана директоры Қанат Төсекбаевтың айтуынша, емхана 2008 жылы пайдалануға берілгені бірінші рет күрделі жөндеу жүргізіліп отыр. Ғимараттың шатыры жөнделіп, кіреберіс қақпасы, барлық есігі, терезе блоктары және терезе дренаждары жаңартылды. Бөлмелердің бәрінде едені жөнделіп, желдету, өрт дабылы, сумен жабдықтау жүйелері ауыстырылды.

– Жалпы біздің емханада екі ғимарат бар, екеуінің көлемі 6 мың шаршы метрді құрайды. Қазір жөндеуден өткені – үлкен ғимарат. Күрделі жөндеу былтыр жазда басталып, биыл наурызда аяқталды. Кіші ғимарат балаларға арналған,

оған да қосымша жобалау құжатын әзірлеп жатырмыз. Емханада отбасы денсаулығы орталығы, мектепке дейінгі бөлім, профилактикалық, әлеуметтік, психологиялық көмек бөлімі, күндізгі стационар, акушерлік-гинекологиялық бөлім, жедел жәрдем және тағы басқа негізгі бөлімдер бар, – дейді емхана директоры.

Бүгінде Байқоңыр ауданына қарасты бұл емханада 62 мыңнан астам адам тіркеулі. Соның ішінде 13 мыңға жуығы – балалар, қалған 47 мыңы – ересектер. Осы азаматтарға емхананың 661 адамнан тұратын медициналық персоналға алғашқы медициналық-санитарлық, мамандандырылған және стационарлық, консультациялық-диагностикалық көмек көрсетеді.

## Францияда гигафабрика салынады.

Франция Еуропадағы электр көлігінің орталығына айналуы көздеп отыр. Мұнда аккумуляторлар шығаратын гигафабрика ашылды. Болашақта тағы да осындай 3 зауыт салынады. Қаржы министрлігінің мәлімдеуінше, елде жаңа электр аккумуляторлар саласы құрылды. 2030 жылға дейін салада жаңа 2 мың жұмыс орны пайда болады.



## Әлемде қорғаныс саласына қаражат көп жұмсалады.

Бытыр оған 2 трлн доллар жұмсалған. Сарапшылар алдағы уақытта салаға бөлінетін қаржы тек ұлғая түсетінін айтады. Оған геосаяси ахуалдың ұшығуы себеп. Мәселен, Солтүстік Кореядан төнген қауіп күшейіп келеді. Бұл ел алдағы уақытта әскери барлау жер серігін ұшыратынын ескерткен. Алайда бұған Жапония мен Оңтүстік Корея қарсы.





Райхан  
РАХМЕТОВА

## ЕЛОРДА – МЕДИЦИНА КЛАСТЕРІ

**Т**әуелсіздіктің үлкен жетістігі ретінде 2008 жылдың мамыр айында құрылған Ұлттық медициналық холдингті атауға болады. Ол 6 инновациялық құрылымды біріктірді, атап айтқанда, олар – «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы, Республикалық балаларды оңалту орталығы, Республикалық диагностикалық орталық, Республикалық нейрохирургия ғылыми орталығы, Республикалық шұғыл медициналық көмек ғылыми орталығы, Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы.

### ОНКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ ДАМЫДЫ

Бұл орталықта науқастар халықаралық стандарттарға сәйкес жоғары технологиялық әдістермен емделеді. Қазақстанда жыл сайын 35000-нан астам адам жаңадан пайда болған қатерлі ісікті емдеу қолжетімділігін арттыру арқылы онкология ауруларынан болатын өлім санын төмендету басты міндет етіп қойылды. Ғылыми, клиникалық және білім беру тәжірибесін біріктіретін емдеу мекемесі Орталық Азия елдері бойынша осы саладағы жетекші ғылыми орталық саналады. Қазақстанда тұңғыш рет орталық базасында тірі донордан бүйректі лапароскопиялық алып тастау, гемофилиямен ауыратын науқастардың буындарын эндопротездеу, аллогенді және гаплоидты сүйек кемігін трансплантациялау, склерозбен ауыратын науқастарға жоғары дозалы химиотерапиямен біріктірілген гемопоэтикалық дін жасушаларын трансплантациялау және басқа да күрделі оталар жасалды.

### «АНА МЕН БАЛА» ЖАҒДАЙЫ ЖАСАЛДЫ

2007 жылы ашылған «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы АҚ жүктілігі қиын жағдайдағы әйелдер мен жүрегінде ақауы бар жүкті әйелдерге қызмет көрсетеді. Мұнда отандастарымызбен қатар Орталық Азия, Еуропа,

Ширек ғасыр тарихы бар елордада осы жылдар ішінде медицина қарыштап дамыды. 2000 жылдардың басында «Болашақ госпиталі» жоспары іске асып, соның арқасында сол жағалауда үлкен медицина кластері пайда болды. Әлемдік деңгейдегі медициналық емдеу талаптарына сай келетін республикалық орталықтар ашылып, ауыр дертіне емді шетел асып іздейтіндер азайды. Заманауи орталықтардың сапалы қызметінің арқасында тіпті шетелдіктер де Қазақстан астанасына арнайы келіп, елімізде медициналық туризм өркендеді.

Америка және Ресейден арнайы келген науқастар қаралады.

Орталықта арнайы нұсқау, госпитализация бюросы арқылы және квота бойынша келген әйелдер үшін барлық қызмет тегін мөрсетіледі. Мекеменің басты мақсаты – Орталық Азиядағы педиатрия, балалар хирургиясы, акушерия-гинекология, ерлер мен әйелдердің репродуктивтік денсаулығы бойынша жетекші ғылыми-танымдық және емдеу-диагностикалық институты болып қалыптасу. «Ана мен бала» ұлттық ғылыми орталығы – ТМД кеңістіндегі халықаралық Joint Commission International аккредитациясына қол жеткізген алғашқы клиниканың бірі.

### НЕЙРОХИРУРГИЯ – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНЫҢ КӨРІНСІ

Ал 2008 жылы ашылған нейрохирургия орталығы ел медицинасындағы зор жетістік деп бағаланды. Соңғы заманауи технологиялармен жабдықталған орталықта бұрын-соңды Қазақстанда болмаған медициналық жаңа салалары бойынша қызмет көрсетіледі.

«Медицинадағы ең күрделі саланың бірі – нейрохирургия. Себебі ол адамның орталық жүйке жүйесінің, жұлынның және перифериялық жүйке жүйесінің, қан тамырлары патологияларын айқындаумен және емдеумен айналысады. Оған қоса, нейрохирургия үлкен қаражатты, жоғары технологиялық құрал-жабдықтарды қажет етеді. Сондықтан нейрохирургияның дамуы мемлекет дамуының бір көрінісі десе де болады» дейді медицина ғылымдарының

докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, орталық директоры Серік Ақшолақов.

### КАРДИОХИРУРГИЯДАҒЫ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАР

Қызмет көрсету және сервистің сапасы мен деңгейі бойынша әлемдік стандарттарға сәйкес келетін Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы 2011 жылы ашылды. Орталықта ауыр дәрежедегі жүрек-қантамыр сырқаты бар науқастар хирургиялық ота жасау арқылы емделеді. Орталықтың негізгі клиникалық бағыты – туа біткен және жүре пайда болған жүрек ақауы, жүректің ишемиялық ауруы, жүрек қызметінің созылмалы жетіспеушілігі, жүрек ырғағының бұзылуын емдеу. Мекеме медициналық ғылыми-білім беру қызметінде отандық және халықаралық мәртебеге ие қуатты кадрлық әлеуетінің арқасында Орталық Азия өңіріндегі жетекші кардиохирургиялық орталыққа айналды. Кейінгі жылдары орталық денсаулық сақтаудың үздік халықаралық моделі мен ғылыми тәжірибесін үйлестіретін кардиохирургиядағы ұлттық бренд ретінде дамып келеді.

### БАЛАЛАРДЫ ОҢАЛТУДАҒЫ ОЗЫҚ ӘДІСТЕР

Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы 2007 жылы ашылған, 2016 жылдан бастап республикалық деген мәртебесі алынып тасталды. Елімізде алғаш рет осы орталық базасында психоневрологиялық және нейроортопедиялық патологияға шалдыққан балаларды оңалту жүйесі құрыл-

денсаулығы. Осы орайда Астана қаласы әкімдігі тарапынан елорда халқын сапалы және қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету үшін барлық жағдай жасалуда. Елорданың денсаулық сақтау жүйесінің алдында тұрған сын-қатердің бірі – халықтың жыл сайынғы белсенді өсу факторы, орта есеппен қала халқы жылына 40-50 мың адамға көбейеді. Бұған қоса, елорданың жаппай дамуы да емханаларға түсетін жүктемені көбейтті. Бұрынғы теміржолшылар, қазіргі №3 қалалық аурухана апатты жағдайда. Был осы аурухананы қайта құру бойынша жобалау жұмысын жүргізу жоспарлануда. Төсек-орын тапшылығы мен халықтың өсуін ескере отырып, 2023-2026 жылдары 18 нысанды салу және реконструкциялау жоспарланып отыр, соның ішінде 4 нысанды республикалық бюджет есебінен салу көзделуде.

2020-2022 жылдар аралығында медициналық техниканың тозуы 22,5 пайыздан 14,6 пайызға дейін азайды, жарақандыру 89,8 пайыздан 95,5 пайызға дейін ұлғайды. Олардың арасында ультратрадыстық аппараттар, өкпені жасанды желдету аппараттары, жылжымалы флюорографиялық кешендер, цифрлық рентгенографиялық жүйелер және т. б. бар. Қосымша МСАК үшін 51 автокөлік, сондай-ақ, республикалық бюджет есебінен 55 жедел жәрдем автокөлігі сатып алынды. Был Қазақстанда медициналық проприоцептивті коррекция, нейрогенді дисфагия коррекциясы әдісі және басқа жаңа тәсілдер осы орталықта енгізілді. Еңбек терапевтері, ойын терапевтері, музыка терапевтері, Монтессори-педагогтар деген мамандықтар тұңғыш рет осында ашылды. Орталықта жыл сайын 4200 бала оңалтудан өтеді. 15 жылдың ішінде мұнда 61647 бала денсаулығын нығайту бойынша ем алды.

Бүгінде қалада мемлекеттік денсаулық сақтау секторында 11 мыңнан астам медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде дәрігерлер – 3,4 мыңнан астам, орта медицина қызметкерлері – 6 мыңнан астам және кіші медицина қызметкерлері – 2 мыңнан астам адам

### ҚАЛАЛЫҚ МЕДИЦИНА ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Мемлекеттік саясаттың басты басымдығының бірі – азаматтар

### МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ ОРДАСЫ

Елордада жоғары медициналық білім беру саласында зор беделге ие Астана медицина университетінің негізі 1964 жылы медициналық институт ретінде қаланған. 1997 жылы институт академия болып қайта құрылып, 2009 жылдың қаңтарынан бастап университет мәртебесіне қол жеткізді. ҚР Үкіметінің қаулысы негізінде университет Ұлттық медициналық холдингтің құрамына енді. 2010 жылдың шілде айынан бастап Денсаулық сақтау министрлігінің құзырына берілді.


Бүгінде университеттің аты мен мәртебесі өзгеріп қана қойған жоқ, сонымен қатар, мамандықтар саны көбейіп, оқытудың кредит технологиялары мен үш сатылы білім беру жүйесі – бакалавриат, магистратура, докторантура енгізілді. Университеттің академиялық серіктестерінің қатарында АҚШ, Сингапур, Еуропа, Ресейдің жетекші жоғары оқу орындары бар.

### АҚ ХАЛАТТЫЛАР ЖАҒДАЙЫ ЖАСАЛАДЫ

Бүгінде қалада мемлекеттік денсаулық сақтау секторында 11 мыңнан астам медицина қызметкері жұмыс істейді, оның ішінде дәрігерлер – 3,4 мыңнан астам, орта медицина қызметкерлері – 6 мыңнан астам және кіші медицина қызметкерлері – 2 мыңнан астам адам. Қазіргі таңда денсаулық сақтау мемлекеттік секторында медициналық кадрлардың тапшылығы 94,4 пайызға төмендеді. 2023-2026 жылдарға қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы жергілікті бюджеттен 176 грантқа өтінім берді. Медициналық білім және ғылым ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған жас мамандардың арасынан медициналық ұйымдардың қажеттілігіне сәйкес республикалық бюджет есебінен 300-ге жуық адам бөлу жоспарлануда.

Кадр тапшылығына әсер ететін фактордың бірі – қызметкерлерді баспанамен қамту мәселесі. Білікті кадрларды тарту мақсатында медицина қызметкерлері үшін толық әлеуметтік пакетті ұсыну, сондай-ақ, тұрғын үймен қамтамасыз ету қажет. Осыған байланысты Алматы ауданында медицина қызметкерлеріне арналған жатақхана салу бойынша жұмыс жүргізілуде.

2023 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша дәрігерлердің орташа жалақысы барлық төлемдерді, яғни сыйлықақы, демалыс, сауықтыру жәрдем-ақыларын, қызмет көрсету аймағын кеңейту үшін қосымша ақыларды, екінші қызметті қоса атқаруды, кесте бойынша кезекшілікті, жеке қосымша ақыларды, өтемақы төлемдерін және басқаларын қоса алғанда 544 мың теңгені және орта медициналық персоналдың жалақысы 337 мың теңгені құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай дәрігерлердің жалақысын 30 пайызға, орта медицина қызметкерінің жалақысын 20 пайызға арттыру жоспарлануда.



Сол жылдардағы «Халық жаулары» деп таңбалағандардың, қазір жеке даралары болмаса, ешкімі де қалмады. Тіпті, олардың балаларының өзі өте азайды. Солардың ұрпақтары қуғын-сүргінге ұшыраған ата-бабаларын аңсап, көз жастарын көл етеді, жазықсыз атылып айдалғандарына күйінеді. Олар кезінде, «Отанын сатқан опасыздардың», «контрреволюционерлердің», «ұлтшылдардың», «алашордашылардың», Германия немесе Жапония «тыңшыларының» тұқындары деп кінәланған еді. Сол кездегі идеология ұыттарымен демделгендер оларға теріс қарады. Ал оларға бұл рухани жағынан өте ауыр салмақ болды.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы №456 Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық заңды және саяси тұрғыдан ақтау мақсатында Мемкомиссия құрылып, Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының іс жүзінде ақталмаған категорияларын ақтау ісімен айналысып жүрміз.

1937-1938 жж. үлкен террор бүкіл Кеңес Одағы халықтарының басына қасірет әкелді. Басқа елдермен қатар, қазақ халқы да зардап шекті. Қазақстандағы нағыз үлкен террор 1929-1932 жылдарды қамтиды. Мұның салдарынан қазақ елінің жартысы қырылды. Неміс тарихшысы Р.Киндлер «Қазақстан ашаршылық тарихын зерттеп білемін десе, ең алдымен, тарихи шындықты қабылдауға дайын болуы керек, өйткені қазақтар үшін тарихи шындық ауыр болуы мүмкін» деген пікірін де естен шығармаған абзал. Ашаршылық тарихын зерттеп жүрген шетел мамандары ғылыми қолданысқа «қазақ ашаршылығы» және «қазақ қасіреті» деген терминдер мен ұғымдарды енгізгенін, Қазақ даласындағы ашаршылықтың Кеңес Одағының басқа аймақтарында болған ашаршылықтан ерекшелігін анықтауға күш салғандығын да ескерген жөн. Академик Манаш Қозыбаевтың басшылығымен 1993 жылы құрылған комиссия ақиқатты

# АДАМЗАТТЫ ТІТІРЕНТКЕН АЛАПАТ

## АҚМОЛА ӨңІРІНДЕ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ТАРИХЫ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ БАРЫСЫ ҚАНДАЙ?

XX ғасырдың 20-40-жылдары кеңестік тоталитаризмнің саяси қуғын-сүргіні бұрынғы КСРО, тіпті әлем тарихындағы адамзатты тітіренткен алапат құбылыс болды. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, осы мерзім ішінде «тап жауларын құрту», «буржуйлардың көзін жою», «бай, кулақтардың тамырына балта шабу», «алашордашыларды талқандау», «троцкийшілерді», «бухариншілерді», «ұлтшылдарды», «панисламшыларды», «шетел тыңшыларын» әшкерелеу т.б. деген біріне бірі жалғасып жатқан тұтқындаулар, айдаулар мен атұлар 20 миллиондай жазықсыз жандардың өміріне, отбасына, олардың ағайын-тумасына жазылмайтын қасіреттер әкелген екен.



түсіндіру үшін көп жұмыс істеді. Сол кезде қуғын-сүргінге ұшырағандардың кейбір санаттарын оңалту туралы Заң және әділдікті қалпына келтірген нормативтік актілер топтамасы қабылданды. Бірақ сол кезеңде «сот істері» бойынша «жазаланғандар» ғана ақталды. Уақыт көрсеткендей, шаруалар, зиялы қауым өкілдерінің көптеген санаты, тіпті соғыс майдандарында әскери шайқастарға қатысушылар ақталмаған, олар «соттан тыс» деп аталатын шешімдер негізінде қуғын-сүргінге ұшыраған, яғни оларды тұтқындаған және түрмеге қамған. Бүкіл өркениетті әлемде қабылданғандай, соттардың шешімімен емес, ОПТУ

немесе басқа жазалау (үштіктің) органдарының шешімдері. Зерттеулер көрсеткендей, біздің көптеген замандасмыз әлі күнге дейін қуғын-сүргін кезеңінде азаматтардың тағдырын соттар емес, партиялық комитеттер немесе «соттан тыс органдар» деп аталатындар ОПТУ-дің кейбір «екілік», «үштік» шешімдері прокуратураның, адвокаттардың және сот органдарының қатысуынсыз қабылданғанын білмейді.

Міне, жуырда Мемлекеттік кеңесші – Мемлекеттік комиссия төрағасы Е.Қариннің басшылығымен (жалпы редакциясын басқарған), ҚР Мәдениет және спорт министрлігі қолдауымен «XX ғ. 20-50 жж. саяси

қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Мемлекеттік комиссия материалдары» сериясымен 31 жинақ жарияланды (екеуі – монография, 29-ы – құжаттар мен материалдар жинағы, оның 14-і – өнімді болуына республикалық ғылыми-зерттеу топтары, ал 15-і өңірлік комиссиялар тарапынан әзірленді).

Бұл көптомдықтың «Ақмола өңірі – архив құжаттарында (XX ғ. 20-40 жж.)» деп аталатын 23 томын Астана қаласы бойынша өңірлік комиссия дайындады. Жинаққа 222 құжат топтастырылды. Мұнда Ақмола өңірінің өкілшілік-аумақтық бөлінісі мен жергілікті басқару ісінің ерекшеліктері, кеңестік-партиялық мекемелер мен құрылымдардың бұйрықтары, нұсқаулықтары, уездік, округтік комиссиялардың қаулылары мен шешімдері жүйеленді. Осы ресми құжаттардың күшімен жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған әртүрлі санаттағы адамдардың орталық және жергілікті билік өкілдеріне жазған арыз-шағымдары мен талаптары қоса берілді. Біраз арыз-шағымдар арабша жазылған, бәрі дерлік осы уақытқа дейін ғылыми айналымға енгізілмеген деректер болып табылады.

Хронологиялық жағынан құжаттар кеңестік кезеңмен шектелмейді, алаштық жүйеден кеңестік жүйеге өту кезеңіндегі қоғамдық-саяси оқиғалар да қамтылады. Өйткені бұл екі жүйенің оқиғалары – сабақтас, бөліп қарастыру мүмкін емес.

Ішкі істер министрлігі Ақпараттық-талдау орталығы арнайы

архивінің мәліметтерінде Ақмола облысы және Ақмола қаласында 1920-1950 жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандар саны – 6 832, соның ішінде ақталғаны – 6 216, ақталмағаны – 616 адам.

Қазақстандық тарихшылар Қазақстанда 1918-1920 жылдардан басталып, 1986-1991 жылдары аяқталған репрессиялау саясатын 5 кезеңге бөліп қарастырады. Оның шарықтау кезеңі 1937-1938 жылдарда болғаны да тарихтан белгілі. Кеңестік биліктің қуғын-сүргін саясатының салдарынан ұлт мүддесін алға тартқан қазақ зиялылары айыпталып, олардың үстінен «Алаш ісі» қозғалды. Ақмола аймағы бойынша тәуелсіздік жылдарында жарияланған архив материалдары мен құжаттары негізінде Алаш қозғалысына қатысқандар мен ниеттестер саны анықталды, олардың жалпы саны 40 адам және зерттеу барысында бұл санмен шектелмейтіні байқалады.

Еліміздің қазіргі елордасы – Астана қаласы өткен XX ғасырдың 1930-1940 жылдары Ақмола қаласы және Ақмола облысы орталығы болып тұрған кезде, бұл өлкеге көптеп жер аударылған, депортацияға ұшыраған халықтар қатарынан алдымен, поляктар, немістер, шешен-ингуштер мен балқарлар мен қарашайлар, қырым-татарлар болды. Депортацияланған халықтардың геноцидтік қысым көрген этностар ретінде қарастырылуы тиіс. Олардың тағдырына жауаптылық тікелей тоталитарлық жүйе мойнында.

Архив құжаттарының мазмұны әрқилы. Солардың ішінде жиі кездесетіні – Ақмола облыстық кеңесі атқару комитетінің арнайы қоныстандырылғандарға қатысты деректер сақтайтын ресми құжаттар. Л.Берияның И.Сталин мен В.Молотовқа жолданған құпия хатында Қазақстан аумағына – 477809 адам, ал Қырғызстанға 124384 адам Солтүстік Кавказ аймақтарынан халықтар, оның ішінде барлығы, шешен мен ингуш – 496460, қарашай – 68327, балқар 37406 адам жер аударуы жоспарланғаны айтылады. «Ақмола облысына 60 мың шешен және ингуш қоныстандырылады. 1930 жж. соңынан бастап Қазақстан «сталиндік халықтар абақтысына» айналды (М.Қ. Қозыбаев). Қазақстанның әрбір бесінші тұрғыны әлеуметтік, сондай-ақ саяси себептермен жер аударылған арнайы қоныстандырылған адам болды. Күштеп қоныс аударту НКВД басшылығымен жүргізілді. Қазақстанға күшпен қоныс аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударушылар өлімінің динамикасы жайында мәліметтер бар. Мысалы, 471971 арнайы жер аударылған шешен-ингуш халық өкілдерінен 646 адам жолда қайтыс болғандарға жатады.

Сталиндік саясат оларды еңбек әлеуетін жетіспеуі, яғни жұмыс істейтін тегін жұмысшы қажет мақсаттарға бағыттады деп бағалаған болса, сонымен қатар қазақ халқын өз жерінде азшылық қатарына ұшыратып, еліміздің тарихи қалыптасқан унитарлы сипатын жоюға бағыттады.

Жылдар жылжып, айлар ауысса да қазақ үшін қастерлі күннің тарихы ешқашан ескірмейді, қуғын-сүргін көрген ата-бабаларымыздың есімдері ел жадынан көшепді.

Самат ЕСҚАЛИЕВ,  
тарих ғылымдарының  
кандидаты А.Құсайынов  
атындағы Еуразия гума-  
нитарлық институтының  
профессоры

# ТАҒЫЛЫМ МЕН ТАҒЗЫМҒА ТОЛЫ КЕЗДЕСУ

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай Астанадағы Сәкен Сейфуллин мұражайында «Бір суреттің тарихы» атауымен кеңестік солақай саясат құрбандарының ұрпақтарымен кездесу өтті. Мәдени ошақтың құрметті қонақтары қатарында Сәкеннің үзеңгілесі Төлебай Бижановтың ұлы, Қостанайдан елордаға арнайы келген Шәміл Төлебайұлы мен құнды жәдігер – Сәкен ұстаған кофе ұнтақтағышты музейге тапсырған алматылық Ілесбек Сариев болды.

Аманғали ҚАЛЖАН

Аталмыш кездесуді ұлағатты ұстаз, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Мәдениет саласының үздігі Оспан Сүлейменұлы ұйымдастырды. Бұл тағылым мен тағзымға толы кездесуге Астана қаласы Бірлескен мұражайлар дирекциясы, қалалық Білім басқармасының Әдістемелік орталығы, елорданың орталықтандырылған кітапханалар жүйесі атсалысты. Ал осынау шараға әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, белгілі өнер зерттеуші Серік Оспан мен сәкентанушы Назгүл Сапиянованың «Сәкен Сейфуллин – ұлт руханиятының көшбасшысы» кітабындағы бір сурет пен Алматыдан табылған Сәкенге тікелей қатысы бар жәдігер арқау болды.

Кітапта 1932 жылы ҚазАПП жазушыларының I-съемне қатысушылардың суреті берілген. Дәл ортада отырғандардың арасында Лияс Жансүгіров,

Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин секілді үш арысты танимыз. Сондай-ақ бұл суретте Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Ғаббас Тоғжанов, Әбділда Тәжібаев сынды көрнекті қаламгерлер де бар. Ал үшінші қатарда тұрғандардың ішінде сол жақтан бірінші – Төлебай Бижанов.

«Осыдан бірнеше жыл бұрын «Қостанай таңы» газетінен Сәкен Сейфуллин, Лияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин секілді арыстарымыздың суретін көрдім. Солардың арасында тұрған әкемнің бейнесі көзіме оттай басылды. Әкем бұрын «Большевиктік жол» аталған осы газеттің әдебиет бөлімінің менгерушісі болып жұмыс істеді. Қазір жасым сексен сегізге келді. Осыншама жасқа келсем де, әлі әкемді іздеймін, әкеге деген махаббат пен сағыншы мені Астанаға алып келді» дейді Төлебай Бижановтың ұлы Шәміл Төлебайұлы. Бұл кісі әкеден қалған жалғыз тұяқ еді. «Орнында бар оңалар»

демекші, Шәміл ақсақалдың кіндігінен алты ұл өрбіді. Олардан немере-шөбере көріп отыр.

Ал Сәкеннің кофе ұнтақтағышы қолында болған Ілесбек Сариев Сәкеннің жанашыры ғой деп алдымен белгілі ақын, драматург, актер, «Сәкен-сұңқар» драмасы мен «Сәкен» операсының авторы, Сәкен Сейфуллин жайында киносценарий де дайын тұрған Қанат Жүнісовке хабарласты. Ақсақалмен кездесу мен құнды жәдігерді мұражайға тапсыруға да Қанат Құрмашұлы дәнекер болды.

Саяси қуғын-сүргін ұрпақтарымен кездесуге қоғам қайраткері Дархан Мыңбай мен алаштанушы ғалым Қайрат Сақ қатысып, бұл жиынның мән-маңызын атап өтті.

«Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні осыдан 26 жыл бұрын Жарлықпен бекітілген еді. Бірақ осы жылдар ішінде көп нәрсе жасалмады, біраз дүние әңгіме ретінде қалып бара жатыр. Мемлекет бас-



шысы Қасым-Жомарт Тоқаев жазықсыз жапа шегіп, жазаланғандардың тарихын зерттеу тек қана ғалымдардың, заңгерлердің ісі емес, әрбір азаматтың мойнындағы іс, бұл әділеттіліктің жолы деп айтты. Зұлымдықты әділеттілік қана жеңеді. Осы тұрғыдан келгенде, бізге әлі көп жұмыс істеу керек. Бұл – тек азаматтық борыш емес, мұсылмандық парыз» деді Дархан Мыңбай. Алаштанушы Қайрат Сақ саяси қуғын-сүргін қазақтың әр шаңырағын аттап кетпегенін, «халық жауы» атанған қай-

раткерлермен қатар олардың ұрпақтарына құрмет көрсету керек екенін, бұл тарапта ғылыми ізденістерді күшейту қажет екенін айта келе, 1918 жылы «Қазақ» газетінің бас редакторы болған, жазықсыз атылып кеткен Жанұзақ Жәнібеков тұлғасын зерттеу мысалын келтірді. Алаш баспасөзін зерделеу маңызына тоқталып, бұрын ғалымдар газет деп санаған «Серке» журнал болып шыққанын атап өтті.

Быыл Сәкен Сейфуллин мұражайына 35 жыл толды.

Руханият ордасының тұңғыш директоры Роза Асылбекова музейдің құрылу тарихын еске алды. Саяси қуғын-сүргін ұрпақтары Едіге Жүнісов және Бақыт Шәмметов аталарының көрген азабы туралы әңгімеледі. Қанат Жүнісов көрнекті ақын Кәкімбек Салықовтың өлеңіне жазылған композитор Мұратхан Егінбаевтың «Үш арыс» әнін айтып, шертпе күй шебері Әбікен Хасеновтің Сәкен Сейфуллинге арналған «Қоңыр» күйі тартылды. Артынша саяси қуғын-сүргін құрбандарына ас берілді.

№64 (4497) 01/06/2023 Бейсенбі

**ЕЛІМІЗДЕ МҮГЕДЕКТІКТИҢ БІРДЕ-БІР САНАТЫНА ЖАТПАЙТЫН 80 МЫҢҒА ЖУЫҚ ЕРЕКШЕ БАЛА ТҰРАДЫ. АУТИЗМГЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРДЫҢ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША ЖАЛПЫ САНЫ БҮГІНДЕ 9 МЫҢНАН АСАДЫ**

## ҚОҒАМ ҮШІН ӨГЕЙ БАЛА ЖОҚ



Бала – болашағымыз. Әр баланың балалық шағы қамқорлықта, бақытты өткеніне не жетсін! Әсіресе туа бітті немесе өсе келе пайда болған сырқаты бар балалардың бір сәт болсын көңілін көтеру дегеннің бағасын ерекше бала өсіріп отырған отбасы ғана түсінеді. Алайда қоғам арасында дамуында ауытқуы бар бүлдіршіндердің көп жерде мүмкіндігі шектеліп келеді. Ал елімізде мүгедектіктің бірде-бір санатына жатпайтын 80 мыңға жуық ерекше бала тұрады.

**Индира БЕРЖАНОВА**

### ҚАТАРДАН ҚАЛМАУЫНА КӨҢІЛ БӨЛСЕ...

Өкінішке қарай, әртүрлі себеппен дамуы өз жас ерекшелігінен төмен балалардың саны күннен-күнге көбейіп барады. Мәселен, Қазақстанда ерекше балалардың әр төртіншісінде аутизм диагнозы бар. Ресми мәліметке сәйкес, аутизмге шалдыққан балалардың республика бойынша жалпы саны бүгінде 9 мыңнан асады, ал бейресми дерек бойынша олардың саны 30 мыңға жетіп жығылады екен. Ел астанасында 2022 жылы олардың саны 2256-ға жетсе, 2023 жылдың 1 сәуіріндегі есебінде осы диагнозы бар 2899 бала тұр.

Ерекше бала тәрбиелеп отырған әрбір ата-ананың асыл арманы – ұрпағын қайткен күнде оңалту, оны аяққа тұрғызып, өмірге бейімдеу. Алайда жетеріне жете алмай тауы шығылып, жігері құм болып жататындар да бар. Сондықтан мұндай балаларды тәрбиелеу, оларға қамқорлық жасау – қоғам болып жұмылатын міндет. Қиын да жауапкершілігі жоғары жүкті мойнына алған аналар қоғаммен ықпалдастыққа мұқтаж. Ал қоғам мұндай балаларды қабылдауға қаншалықты дайын дегенге жауап беру қиын. Себебі бірқатар ата-анамен тілдесіп көргенімде біразының айтары бір болды. Балаға қатысты қоғам көзқарасынан я шарасыздықтан шыңырауға құлатып, одағай күйзеліс орға жықпаса екен деген үміт бары көпшілігінен аңғарылды.

Ата-ананың баласына қатысты жиі еститіні – оның іс-әрекеті турасында. Көпшілік мұны «тым еркелетіп жіберген» немесе «бетімен кеткен» тәрбиенің нәтижесі деп қабылдайды. Ал мектепке барса, қатарластары тарапынан буллингке ұшырайды. Баланы орта қабылдасам, түсіністікпен қарамаса, психологиялық тұрғыдан ауыр

тиетіні сөзсіз. Тек құрдастарының ғана емес, ересектердің, тіпті оңалту орталықтарының өзінде-ақ балаларды «ерекше» болғаны үшін қорлау я кемсіту тыйылмай тұр. Осы турасында күні кеше Астана қаласының бала құқықтары жөніндегі уәкілі Әсима Бимендіна елордалық жекеменшік балабақша тәрбиешілермен өткен кездесуде ерекше балалардың қауіпсіздігі мәселесіне тоқталған еді. Оның айтуынша, қаладағы «Балам-ай», «Нұрлы жүрек» секілді мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту орталықтарында әлімжеттікке жол беріп жатқан біліксіз тәрбиешілер қатары болған. Сондықтан бірінші кезекте мамандардың біліктілігін тексеру керек дейді.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтардың құқығын қорғауда 2008 жылы Қазақстан Мүгедектіктерінен қорғау жөніндегі конвенцияны, 2016 жылы Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялады. Ал 2020 жылы республика бойынша барлық мектепте инклюзивті білім беру қолға алына бастады. Инклюзивті білім беру өз кезегінде мүмкіндігі шектеулі балалардың қатарынан қалмай, білім алып, тәрбиеленуіне жол ашады. Яғни аталған заңдар бойынша елдің барлық азаматына, жеке мүмкіндігіне қарамастан, білім берудің қолжетімділігіне кепілдік беріледі. Ал іс жүзінде бүлдіршіндердің мүмкіндігі қаншалықты көп деген сауал туындайды.

### ОЙ МЕН БОЙДЫ ОЙЫН ТҮЗЕЙДІ

«Ерекше бақыт» қоғамдық қорының басшысы Әлия Әбдіқайтова бүгінде аутизм диагнозы бар Алпамыс есімді ерекше бала өсіріп отыр. Айтуынша, баласының білім алуында кедергі аз емес. Арнайы кітап, білікті мамандар мен қолайлы орта қалыптаспаған. Баланың физикалық тұрғыда дамуы

үшін мемлекет тарапынан қолға алынған арнайы жүйе де жоқ. Салдарынан ерекше балалардың спортпен тұрақты айналысуына жағдай жасалмаған.

«Бізде ондай балаларға арналған қолжетімді спорт залдары жоқ. Осы салаға бейімделген маман да тапшы. Нормативтік-құқықтық қаулылардың өзінде ерекше балалар назардан тыс қалған. Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан жүйелі жұмыстың жоғынан мүмкіндігі шектеулі балалардың спортпен айналысуы мұңға айналды. Өйткені біздің қоғамның өзінде бұл балаларға спорт емес, оңалту жұмысы ғана керек деген қасаң түсінік қалыптасқан. Сол себепті біз балаларымызды Оқушылар сарайына, аула клубтарына, тіпті мүгедектігі бар балаларға арналған спорт клубтарына қабылдата алмаймыз. Мұнда мүгедектігі бар балаларды алуы мүмкін, ал интеллектуалды дамуы кешеуілдеген балаларды қабылдаудан біржола бас тарттады» деді ол.

Осыдан-ақ соңғы уақытта елдегі ерекше балалардың ата-анасы бейімделген спорт бойынша қызығушылығын арттырып, өз бетінше шекара асып білімін жетілдіруге бел буған. Болмаса осындай балалардың ата-анасы өздері бірігіп қор ашуға мәжбүр.

### БАС ҚАЛАДА БАҚ АШЫЛА МА?

Еліміздің астанасы жөнінде айтсақ, қалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар 16527 бала бар, бұл жалпы балалар санының (435000) 3 пайызын құрайды. Инклюзивті білім беру 64 балабақша мен 89 мектепте қолға алынды. 2025 жылға қарай барлық білім беру ұйымын қамту көзделген.

Астана қаласы Білім басқармасының мәліметі бойынша қазіргі таңда елорданың 25 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында мүгедектігі бар 305 студент оқыса, оның 175-і ерекше білім беруді қажет етеді. Инклюзивті білім беруді қолжетімді қылу мақсатында биылдан бастап 5 колледжде (Құрылыс-техника колледжі, Қоғамдық тамақтану және сервис колледжі, Қазақстандық швейцария-америкалық колледжі, Л.Гумилев атындағы Еу-

## ӘКЕ МЕН БАЛА

Әке тәрбиесі бала үшін әрқашан маңызды нәм оның болашағына да негізгі бағдар болмақ. Бала бойындағы жақсылық-жаманды қасиетін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен ата тәрбиесінен көреді, тегіне тартқан дейді. Тәрбиедегі әкенің рөлін арттыру мақсатында елордада «Әке мен бала» жобасы қолға алынған.



Әкенің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. Сондықтан әке мен баланың арасындағы байланысты нығайтуда Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхана жыл басынан бері «Әке мен бала» жобасын жүзеге асырып келеді. Дәстүрлі түрде өтетін тағылымды іс-шараның бүгінгі қоғамдағы өзектілігі жоғары. Жоба аясында «Оқитын әке», «Әке бала көзімен», «Кітап және спорт» сынды тақырыптарда клуб отырыстары өтті. Әрбір басқосуда бала тәрбиесіндегі әкенің ерекше орны, ұлттық құндылықтардағы

тәлім мен тағылым, әкенің бос уақытын балалармен бірге өткізуі, кітапты баламен бірге оқуы, бала ойымен санасып, ойынына араласуы сияқты маңызды мәселелер талқыланады. Тағы бір негізгі міндет – акция аясында кітапты отбасы болып оқуды әдетке айналдыру.

Аталмыш іс-шараға зиялы қауым өкілдері, журналистер, ұстаздар, кітапхана оқырмандары және ата-аналар балаларымен қатысуда. Қай қоғамда да маңызын жоймайтын жоба әрі қарай да өз жалғасын таба бермек.

## ЖЕТКІНШЕКТЕР ЖАҢАЛЫҚ АШТЫ

Елордалық оқушылар ғылыми-зерттеу жұмысы жөнінен өңірдегі білім алушы жеткіншектерге үлгі болып келеді. Сондай жобаның бірін – «Өздігінен қуат жинайтын үй және көлік» жобасын Астана қаласындағы І.Есенберлин атындағы №67 гимназияның «Меркурий» командасы халықаралық First жарысында ұсынды.



«Меркурий» командасының мүшелері – 6-7-сынып оқушылары Инжу Илиясова, Балнұр Сүлейменова, Ниязбек Жұмабек, Нұрымжан Рахманов және Мұқағали Тұрсынбаев бірлесіп отырып, жел энергиясы арқылы электр-көлігінің жүріп өту жолын қалай үлкейтуге болатынын зерттеді және осы процесті – үйді ток күшімен қамтамасыз ететіндей макеттің сызбасын дайындады. Жобаны жасауға мектептің ағылшын тілі және робототехника пәні мұғалімі Елжас Айтжан бағыттап отырды.

Оқушылар жобасын физик мамандарға көрсетіп, нәтижесінде физика ғылымдарының магистрі балаларға жақсы рецензия жазып берді.

«Меркурий» командасының оқушылары халықаралық республикалық жарыстардың тұрақты жеңімпазы атанып жүр. Алдағы уақытта өз жұмысын тереңірек зерттеп, әртүрлі компанияға өз идеясын ұсынуды жоспарлап отыр.

Ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс істейтін білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Ал ондай мамандар дарынды балалардың ішінен шығады.

**Гауһар АМАНГЕЛДІ,**  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

# СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

Биыл елімізде бірінші рет мектептерде соңғы қоңырау салтанаты 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінде соғылды. Қазақстанда оқу жылының ұзақтығы алғаш рет 36 аптаға созылды. 11-сыныпты бітірушілер үлкен өмірге жолдама алып жатса, мектеп табалдырығын өткен жылы алғаш атаған бүлдіршіндер бір сатыға көтеріліп, ата-ананың, ұстаздар қауымының көзқуанышына айналды. Еліміз бойынша 2022-2023 оқу жылында 7000 мектепте 3,7 млн оқушы білім алып, 11-сыныпты 172 мың түлек аяқтады.



## ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛДЫ

Астана қаласында 2022-2023 оқу жылында 164 мектеп жұмыс істеді. Оның 100-і – мемлекеттік, 57-сі – жекеменшік, 7-уі – республикалық мектеп. Оқушылар саны – 236757. – Ағымдағы оқу жылында бастауышты 104324 бала,

9-сыныпты 18443 оқушы, 11-сыныпты 9539 түлек аяқтап, қорытындылады. «Алтын белгіге» үміткер 280 оқушы бар. ҰБТ 18 мамыр мен 5 шілде аралығында өткізіледі, – деді Астана қаласы Білім басқармасы жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістем бөлімінің басшысы Асыл Аманкелдиева.

## БИЫЛҒЫ ЕРЕКШЕЛІК

«Дәстүр бойынша оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, биылдан бастап 31 мамырда аяқталады. 31 мамыр – жылдың соңғы оқу күні. Бұл күні еліміздің мектептерінде оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске

алу күніне арналған сыныптан тыс сағаттар өткізілді. Бұдан былай 1 маусымда еліміздің оқушылары Халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар соңғы қоңырау мерекесін атап өтеді. Каникул бұрынғыдай сақталады, яғни оқу күндерінің саны көбеймейді, ал каникул кезеңі азаймайды. Жалпы қазақстандық оқушылар 170 күн оқиды. Каникулдың ұзақтығы – 195 күн» деді Оқу-ағарту министрлігі орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова.

## ЖАЗДА ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

«155 демалыс лагері, оның ішінде 85 мектеп жанындағы лагерь, 68 бейіндік лагерь, 2 қала сыртындағы лагерь жұмыс істейтін болады» деді Астана қаласы Білім басқармасы қосымша білім беру және тәрбие жұмысы бөлімінің басшысы Гүлфара Сарамбетова.

## ОҚУШЫЛАРҒА ЖҰМЫС БАР

1-10-сынып аралығындағы 186184 астаналық оқушының арасынан 85000 баланы 4 бағыттағы жұмыспен қамту көгалдандыру бригадасына, экологиялық лагерлерге 3800 оқушы жұмысқа тартылады. Түрлі мекемедегі клубтар мен қызығушылық үйірмелеріне, 28 аула клубына 40512 бала шығармашылық жұмысқа қамтылады. Салауатты өмір салтына деген ынтыны қалыптастыру үшін оқушылар «Дидары жаз», «Айбынды маусым» лагерлерінің



жорықтарында, туристік таныстыру сапарларында, экспедицияларында (археологиялық, экологиялық, өлкетану), спорт алаңдарында және жалпы білім беретін мектептердің залдарында тегін негізде (2350 бала қамтылады) спорттық-туристік бағытта жұмыс істейді. Төртінші бағыт интеллектуалдық деп аталады. Ол «Жас ұлан», «Жас қыран» жазғы тілдік мектептерді, дебаттық пікірталас лагерлерінде барлығы 14250 баланы қамтиды. Олар зияткерлік жұмыспен қамтылады. Жақсы

нәтиже бойынша балаларға сертификат, алғыс хат беріліп, марапатталады.

14 пен 18 жас аралығындағы мектеп пен колледж оқушылары «Жасыл ел» әлеуметтік жастар жобасы аясында жұмыс істейді. Онымен қазір халықтың әлеуметтік осал топтарынан 2500-ге жуық бала қамтылған. Бағдарлама шеңберінде мектептермен келісімшарт жасалып, балалар мектеп жанындағы учаскелерде жұмыс істеп, оқу ордасы аумағын көгалдандырумен айналысуда.

Бетті дайындаған Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

# ОҚУШЫЛАР ҚАЛАЙ, ҚАНША ТАБЫС ТАБАДЫ?

– Менің ата-анам отбасын толығымен қамтамасыз етіп отыр. Екеуі де әлеуметтік салада жұмыс істейді. Жалақысы тамаққа, киімге, жалпы күнкөріске жетеді. Бірақ менің мақсатым – қалайда оларға артық салмақ түсірмеу. Сондықтан оқудан босаған кезіме орайластырып, әлеуметтік желде SMM-менеджері ретінде жұмыс істеймін. Бұл – бизнесті, атап айтқанда, компанияларды, брендтерді «жылжытумен» айналысатын маман. Менің достарымның арасында да осындай онлайн жұмысты жасап жүргендер көп. Мақсатты жарнаманы жүргізіп жүрген таргетолог таныстарым да бар. Сондай-ақ копирайтер болып ақша тауып жүрген сыныптастарымның табысы қомақты. Айта кетейік, копирайтер дегеніміз – жарнама мәтіндерін жазумен айналысатын маман, жаңа заманның қаржы табатын кәсіптерінің бірі. Бұл мамандар елдегі танымал сайттардың бетіне жарнама тұтынушы компанияларды шақырып, олардың интернетте жарнамалану стратегияларын ойластырады, – дейді астаналық мектеп оқушысы Жанат Ақбердиева.

Оқушылардың еңбек тәрбиесі, жасөспірімдерді еңбекке баулу қай қоғамда да маңызға ие. Қазіргі қалалар, жасөспірімдер үйдегі бар-жоққа қарамай, әке-шешесіне қолғанат болып жүр ме? Еңбекке баулу, өмірге икемді болу мәселесінде қалай көрініп жүр? Осыны аздап зерттеп көрген едік.

бозбала мен бойжеткендер де баршылық. IELTS-ы жоғары оқушылар, яғни ағылшын тілін білуді бағалаудың халықаралық жүйесінен жоғары нәтиже көрсеткен жастар арасында білімімен ақша тауып, ақылы тіл үйрету курсы арқылы қаржы табатын оқушылар да бар. Жалпы оқушылардың табыс көлемі 50 мыңнан басталып, 150-300 мың, тіпті 500 мың теңгеге дейін жетеді. Бәрі де жасөспірімнің қай компанияда не істейтініне байланысты. Ал енді оқушыларға неше жастан, қайда, қандай және

қанша уақыт жұмыс істеуге рұқсат, ресми ақпараттар не дейді? 14-16 жастағы жасөспірімдер аптасына 24 сағат жұмыс істей алады. 2023 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша электронды еңбек биржасы порталында жұмыс тәжірибесін және дағдыларды талап етпейтін 1684 жұмыс орнына 354 бос лауазым жарияланған. Бұл жұмыс орындарына кәметтік жасқа толмаған 14-17 жастағы жасөспірімдер де орналаса алады. Алайда жасөспірімдер еңбегіне қатысты қандай шектеулер барын Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі журналистердің сауалына берген жауабында түсіндірді.

ҚР Еңбек кодексінің 31-бабына сәйкес, еңбек келісімшарты 16 жасқа толған азаматтармен жасалады. Дегенмен еңбек келісімшартын 14-15 жастағы жасөспірімдер де жасасуға құқылы, алайда бұған қатысты бірнеше талап бар:

\* негізгі орта және жалпы орта білім алып жатқан 15 жастағы жасөспірімдер оқудан бос уақытта, денсаулығына зиян келтірмейтін, оқу процесін бұзбайтын жерлерде жұмыс істей алады;

\* 14 жасқа толған оқушылар кинематография ұйымдары, театр, концерт ұйымдары, цирк-

те денсаулығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмейтін болса, жұмыс істей алады;

\* 14-15 жастағы жасөспірімдер жұмысқа тұрған кезде еңбек шартына өзімен бірге заңды өкілінің біреуі қол қоюы тиіс.


Мұнда біздің елімізде ресми рұқсат етілген жұмыс орындары туралы айтылады. Ғаламтор дамыған осы заманда балалар арасында көбіне интернетпен жұмыс істейтіндер көп. Себебі ғаламтор – ғаламат бизнестің көзі, ақша табудың оңай жолы. Қазіргі заман – контент заманы, ақпарат ғасыры. Мәліметтерді іздеушілер, қолданушылар көп. Олардың көп болғаны ақпарат бизнесінің дамуына әкеледі. Сауда-саттық та электронды түрде жүзеге асырыла бастайды. Интернеттегі онлайн табыс табу дегенде оның блог құру, маркетинг, фриланс және басқалары сияқты интернетте ақша табудың әртүрлі тәсілі бар. Олар алғашында онлайн-бизнес саласындағы сарапшылардан түрлі табыс табу жолын үйренеді.

– Мектеп оқушылары әлеуметтік желілерде қауымдастықтар ашып, оны ақпаратпен қамтамасыз етіп тұрса, үлкен аудитория жинай алады. Кейінірек түрлі

интернет-дүкендердің серіктестік бағдарламалары арқылы олардың тауарларын жарнамалап, сол сайттарға сілтеме орнатса, бұдан да жақсы табыс түседі. Айына 1 миллионнан аса адам кіретін кез келген сайт – жақсы табыс көзі. Біздің елімізде пайдалы қызмет көрсету арқылы аты шыққан kolesa.kz, krisha.kz, chokomarket.kz секілді интернет-дүкендер табысты сайттардың қатарында. Бастысы, сіздің ұсынысыңызды (ақпарат, тауар, қызмет, т. б.) қажет ететін адамдардың болуы шарт, – деді аты-жөнін жарияламауды өтінген танымал сайттың қызметкері бізге берген ақпаратында.

– Баламның азамат болып табыс табуы отбасындағы көп қиындықты жеңдіретті. Себебі қазір бәрі қымбат, азық-түліктің бағасы тіпті шарықтап кетті, өз киімін өзі тауып жатқаны, жұмыс істейін деп ұмтылғаны бізге көп көмек болып тұр. Тек сәл ғана кешіксе алаңдайтынымыз болмаса, оқушының еңбек еткені – құттарлық нәрсе. Заманына қарай елімізде оқушылар ғана жұмыс істейтін кәсіпорын ба, компания ма, басқаша бір жұмыс орындары ашыла тіпті жақсы болар еді деп ойлаймын, – деді Аслан атты оқушының анасы Зәуре бізбен әңгімесінде.

**P.S:** Қазір ай сайын түсетін жалақыға қарап телміріп отыратын жастар аз. Олар көбіне қомақты қаржы түсіретін табысты кәсіпті таңдайды немесе өз алдына кәсіп ашуды мақсат етеді. Әрбір күн, әрбір сағат – қаржы табуға қолайлы сәт. Заманына қарай біздің қарақөздеріміз де күніне бірнеше жерде жұмыс істейтін корейлік, қытайлық еңбекқорлықты, жанкештілікті біртіндеп үйреніп келеді. Тек жұмыс беруші ірі компаниялар, дүкендер, мейрамханалар иелері жас буынның жұмыс күшін арзан бағаламаса, ақысын жемесе екен дейсің. Ол енді жұмыс берушінің ішкі мәдениетіне, адамгершілігіне байланысты.



## ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕМЕУ ӘДЕТКЕ АЙНАЛМАСЫН

Соңғы кездері елордада қоғамдық көліктерде жолақысын төлемейтін жүргіншілердің қатары көбейген. Жыл басынан бері елімізде жолақысын төлемеген 8000-нан аса жолаушы әкімшілік жауапкершілікке тартылған, оның 65%-ы Астана қаласында тіркелген.

Елімізде қоғамдық көліктерде жолақысын төлеудің бірнеше түрі бар. Карта арқылы немесе QR арқылы төлеуге болады. Астанада жолақы 90 теңге деп белгіленген. Қоғамдық көліктерді қозғалтуға қажетті жанармай мен электрдің бағасын, сондай-ақ жүргізушінің жалақысын қоса есептегенде 90 теңге тым қымбат та емес. Мысалы, шет ел астаналарындағы қоғамдық көлік жолақысымен салыстырсақ, Германияда бір күндік билет – 7,5 евро (3 589 теңге), Қытайда қоғамдық көлік құны 1-ден 5 юаньға дейін (63-315 теңге), Грузияда 2,5 лари (436 теңге) болса, ал Италияда 1,50 евро (717 теңге) көлемінде. Алайда осы 90 теңгені төлеуді де артық көріп, қоғамдық көлікте орайын тауып «тегін» жүргісі келетін жолаушылар да бар. Арнайы қызметкерлер жолақысын төлеу процесін ұдайы қадағалап жүргенмен, жолақысын төлемейтіндердің саны азаяр емес. Нәтижесінде, Астананың өзінде жылдық шығын 2,8 млрд теңгеден асып кеткен.

### ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕМЕСЕ, АЙЫППҮЛ ТӨЛЕЙДІ

Қатысты белгілемелерге сәйкес, жолақысын төлеуден жалтарғандарға екі айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынады. Нақтырақ айтқанда, қала ішіне және қала маңындағы елді мекендерге жүретін қоғамдық көліктерде жолақыны төлемегендер 6 126 теңге (2 АЕК) айыппұл төлеу қажет. Ал жолаушыларды билетсіз алып жүргені үшін жүргізушіге немесе қадағалаушыға 5 АЕК (15 315 теңге) көлемінде айыппұл салу қарастырылған. Тәртіп бойынша қоғамдық көлікте билет тексеруші маман тасымалдау ережелерін бұзған жолаушыны түсіріп кетуге құқылы. Бірақ жолақысын төлемегенімен қоймай, тексеруші мамандарға наразылық білдіріп, қоғамдық көліктерде шу шығаратын жолаушылар да бар. Бұл, әрине, бас қала тұрғындарының мәдениетіне кереғар әдет.

Біздің бір байқағанымыз, жолаушылар автобуска жанталасып шыққанымен, жолақыны төлеуге дым асықпайтын

сияқты. Тек тексеріс қызметкерлерін көрген кезде ғана жолақысын төлей бастайды, тіпті, жеңілдік картасы бар, мектеп оқушылары мен зейнеткерлер тегін жол картасын басуға да ерinedi. Жарты жыл ішінде көліктік бақылау қызметкерлері осындай 1111 картаны тәркіледі. Оның ішінде 339-ы жеңілдікпен берілген, ал 772-сі – оқушы картасы.

### ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ТЕ ЖЕТІСПЕЙДІ

Астанада қоғамдық көліктің 100 маршруты бар, оның 25-і қала маңында қатынайды. 550-ден артық автобус бар, алдағы уақытта бұл көрсеткішті 850-ге жеткізу жоспарланып отыр. Дегенмен, қала көлемінің жылдан жылға ұлғаюына байланысты қоғамдық көлік жетіспеу мәселесі әлі де өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Жүргізушілер де жетіспейді. Елордалық көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының өткен жылдың соңында берген мәліметінше, қалада 400 жаңа автобус, 900-ден аса жүргізуші жетіспейді. Оның үстіне, биыл елордада 8 жаңа бағыт, 24 қала маңындағы бағыт қосу жоспарланған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «қаланы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте» Астанада 400 автобус жетіспейтіні туралы айтып, елордадағы қоғамдық көліктер жүйесін сынаған болатын.

Астанада ресми статистика бойынша, 300 мыңға жуық көлік тіркелген. Бейресми 500 мыңға жетеғабыл деген болжам бар. Соның салдарынан тар жолмен бар жолда кептеліс. Бұл ретте, оң шешім – қоғамдық көлік болуы тиіс еді. Қоғамдық көліктердің өнімділігін арттыру үшін бас қалада Bus Lane желісі де ашылған. Бүгінгі таңда Астана қаласында жалпы ұзындығы 51 шақырымды құрайтын 21 автобус арнаулы желісі бар.

### ҚАТАҢ ТӘРТІП КРЕК

Көше автобусы – қала тұрғындарына ең қолайлы қоғамдық көлік. Ол – қала тұрғындарының қалтасына түсетін салмақты азайтып

қана қоймай, қаладағы көлік кептелісін және шуылды азайтуға, сондай-ақ қала экологиясын жақсартуға көмегі тиетін маңызды көлік. Сосын дамыған елдерде жұмысқа жеке көлікпен барудан гөрі қоғамдық көлікпен жүруді көбірек қуаттайды. Біздіңше, елордаға да осындай бастама керек, егер жұрт бұл бастаманы қолдаса, жолда кептеліс азайып, автотұрақ жетіспеу мәселесі де өздігінен шешімін табар еді. Алайда бұл деңгейге бас қаламыз әлі толық жете алған жоқ. Автобус пен жүргізушілердің жетіспеуінен автобустардың жүру аралық уақыты алшақ болады да, жолаушылардың көп уақыт күтуіне тура келеді. Кейде тіпті жолда кептеліс болған немесе жол апатынан көлік бөгеліп қалған жағдайда, жарты сағаттан бір сағатқа дейін күтуге тура келеді. Демек, қоғамдық көлік санының аздығы және 5-10 минутта бір



Жолақысын төлеуден жалтарғандарға екі айлық есептік көрсеткіш бойынша айыппұл салынады. Нақтырақ айтқанда, қала ішіне және қала маңындағы елді мекендерге жүретін қоғамдық көліктерде жолақыны төлемегендер **6 126 теңге** (2 АЕК) айыппұл төлеу қажет. Ал жолаушыларды билетсіз алып жүргені үшін жүргізушіге немесе қадағалаушыға **5 АЕК (15 315 теңге)** көлемінде айыппұл салу қарастырылған. Тәртіп бойынша қоғамдық көлікте билет тексеруші маман тасымалдау ережелерін бұзған жолаушыны түсіріп кетуге құқылы

көлік жүруге кепілдік етілмейуі бекетте жолаушы шоғырын молайтып, автобуска түсетін күштемені арттырады. Осының салдарынан жолаушылар көлікке сығылысып мінеді де, кейде жолақысын төлейін десе де төлей алмайтын жағдай туады. Әйтпесе 90 теңге жолақы астаналықтар үшін тым қымбат емес.

### ӨЗГЕРІС ҚАЖЕТ

Жолақы төлемейтіндердің жолын кесу үшін бас қалада автобуска міну, түсу тәртібіне де өзгеріс жасау қажет сияқты. Тек елімізде ғана емес, әлемнің көптеген елінде қазір автобустар кондукторсыз жүреді. Жолаушылар автобуска мінген сәтте (алдыңғы есіктен мінгені) саналы түрде жолақысын төлейді. Олардың жолақысын төлеген-төлемегенін автобус жүргізушісі де бақылап отырады. Бақылау камерасы да орнатылған. Яғни жолаушылар мәдениетті түрде алдыңғы есіктен мініп, артқы және ортаңғы есіктен көліктен түсуге тыйым салынған. Егер жолаушылар артқы есіктен көлікке мінсе, жауапкершілікті жүргізушіден сұрайды. Сондықтан да Қытай сияқты елде жүргізушілер жолаушыларды белгіленген тәртіппен ғана көлікке мінгізіп, түсіреді. Бұған халық та үйренген. Яғни, біздегі автобуска кез келген есіктен мініп, кез келген есіктен түсіп жүре бермейді. Демек, Астанадағы көліктерге де осындай тәртіп орнату қажет сияқты. Миллиондаған халқы бар Қытайда қолданған бұл әдісті бір миллион халқы бар Астанада қолдану түк те қиын емес деп ойлаймыз.

Жолақысын төлемейтіндердің жолын кесудің тағы бір әдісі – жабық аялдама жасау. Яғни ақша төлейтін құрылғыны аялдама есіктеріне орнатып, жолаушылар жолақыны аялдамаға кірерде төлеп тастайтын әдісті қолдануға да болады. Алайда бұл қосымша қаржыны қажет ететіндіктен, әзірге автобуска міну мен түсу әдісін ретке келтіруден басқа тиімді шара жоқ секілді.

Жансая АБИРБЕКОВА, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

## «ЖАСЫЛ МЕКТЕП» ЕҢБЕККЕ ҮЙРЕТЕДІ



Астана қаласының №8 мектеп-лицейінде өткен жылдан бері «Жасыл мектеп» жобасы бойынша оқушыларды еңбекке үйрету жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

### Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Мектептің 5-7-сынып оқушылары қатысатын «Жасыл мектепте» теориялық сабақтарды практикалық сабақтармен ұштастырып өткізу қолға алынды. Сонымен қатар бұл жобаның мақсаты – оқушылардың жаратылыстану және биология пәндеріне қызығушылығын арттыру болды.

Меценат Болат Өтемұратов сыйлаған жылыжайда оқушылар түрлі көкөністер себеттерін отырғызу, күту және өсіру тәсілдерін үйрене бастады. Арнайы дайындықтан өткен «Жасыл мектеп» меңгерушісі Шынар Хондашан мен биология пәнінің мұғалімі Маржан Қалдыбай оқушыларға алдымен жылыжайда жұмыс істеу ережелерін мұқият түсіндіріп, сақтауды үйретті. Практикалық негізде көкөніс өсіруді меңгере бастаған балалардың жұмысқа деген құлшынысы арта түсті. «Жасыл мектепке» келетін балалар мектеп жанындағы ағаштарды күту, суару, жасыл алаңдарды арам шөптен тазарту жұмыстарын да қызығушылықпен атқаратын болды.

– Мектебімізде «Жасыл мектеп» жобасы іске қосылғалы оқушылардың еңбекке деген қызығушылығы арта түскені байқалды. Олар көкөністі өсіру

Қасымхан Сенғазыев, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғалымдары мен студенттері оқушылардың атқарып жатқан жұмыстарын жоғары бағалаған.

Осы мектепте «Жасыл мектеп» жобасы бойынша қалалық семинар да өткізілді. Оның жұмысына Астана қаласындағы жылыжай салынатын 20 мектептің биология пәні мұғалімдері және Алматы облысынан арнайы келген «Филипп Моррис Қазақстан» компаниясының мамандары қатысты. Семинар барысында агроном ғалымдар жылыжайдың жұмыс жүйесі және қауіпсіздік ережелері бойынша теориялық сабақтар өткізді. Сонымен қатар мектептегі «Жасыл мектеп» жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, өндірістік тәжірибелерімен бөлісті.

– «Жасыл мектеп» жобасының ең басты мақсаты – балаларды мектеп қабырғасынан бастап еңбекке тәрбиелеу деп ойлаймын, сондықтан осы бағыттағы жұмысты тоқтатпауымыз керек. Өз қолыңмен, маңдай теріңді төгіп өсірген өнімнің тәтті болатыны сөзсіз, демек балалар барлық берекенің еңбек арқылы келетінін ұғынады. Сондықтан біздің мектепте бұл жоба бойынша жұмыстар жалғаса беретін



оңай емес екенін түсініп, құнарлы өнім алу үшін қаншама еңбек ету керектігін ұғынды. Өткен жылы қараша айында керемет оқиға болды, біз жылыжайымызда өсірілген алғашқы өнімдерімізді, атап айтқанда, тәтті бұрыш, қияр, шалғанды мектебіміздің асханасына өткіздік. Мұғалімдеріміз бен оқушыларымызға дәм татуына ұсындық. Сонда маңдай термен өсірілген өнімдері үшін оқушыларымыз өте қуанышты болды, – дейді №8 мектеп-лицейдің директоры Гүлнұр Айтимова.

Иә, оқушыларды мектеп қабырғасынан еңбекке үйрететін осындай өндірістік жобаны қаланың әр мектебінде ашып қойса да артық болмас еді деп ойлаймыз.





# МАЙТАЛМАН МҰҒАЛІМ МУАММЕР

Елордадағы ең мықты математиктің бірі, 28 жылдық тәжірибесі бар педагог-шебер, «Үздік педагог-2019» республикалық байқауының жеңімпазы, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Олимп шыңына жетелейтін» марапатының иегері, «Қазақстан мұғалімі-2019» ұлттық сыйлығының жеңімпазы, 2019 жылғы «Әлем мұғалімі» халықаралық сыйлығының ұлттық іріктеу кезеңінің жеңімпазы Муаммер Гюль қазір Астана қаласы әкімдігінің «Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатында математика пәнінен сабақ береді.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

«МЕН АЙТҚАНДЫ ЕМЕС,  
МЕН ІСТЕГЕНДЕЙ  
ЖАСА»

Үздік мұғалім Муаммер Гюль – республиканың барлық мұғалімдеріне арнап «Application of integral» тақырыбында ашық сабақ өткізіп жүрген үздік мұғалім. Астана қаласының педагогтары офлайн форматта қатысса, ал республиканың мұғалімдері үшін сабақ онлайн трансляция (youtube.com/@adistemeastana) арқылы көрсетіліп жүр.

Математика пәнінің мұғалімі, педагогикадағы жаңашыл бағытты қолдайтын білікті маман математиканы оқытуда құндылықтарды оқушыға тапсырма, іс-әрекет арқылы қалай үйретуге болатынына тоқталды.

«Білім беру, оқыту жауапсыздық пен қателікті көтермейтін нәзік жүйе. Ол – адам тағдыры. Оқыту, білім беру – үнемі мұғалімнің ізденісін, шығармашылық шыңдалуын талап ететін күрделі үрдіс» дейді Муаммер Гюль.

– Жер бетінде білім берудің құндылығы қайта қаралып, өзгеріп жатқан тұста, дамытуды тек ойлауды немесе жалпы психиканы дамыту деп қарау жеткіліксіз. Қазіргі таңда оқушылардың қызығушылықтарының, талап пен сұраныстарының, есте сақтау қабілетінің, ішкі, сыртқы эмоцияларының, өзін ұстауы, сөйлеу мәдениетінің өзгергенін байқаймыз. Бұл дегеніміз – білім беруді, тәрбиелеу үрдісінің өзгеруін талап ететін жағдай. Оқушыға «Мен айтқанды емес, мен істегендей жаса» тәсілімен білім мен тәрбие беру керектігін көптеген тәжірибе дәлелдеп келеді. Қазіргі уақытта оқушы бойына маңызды жоғалтып бара жатқан жалпыадамзаттық құндылықтарды іс-әрекет, яғни өзіміз үлгі болу арқылы сіңіре отырып, сабағымызды мазмұнды ету арқылы, өміріне азық болатындай етіп, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру мұғалімнің басты мақсаты болуы керек, – деді ол.

ҚАЛАЙ  
МҰҒАЛІМ БОЛДЫ?

– Отбасымызда мұғалім мамандығымен жұмыс істеген адам болған жоқ. Менің мұғалімдікті таңдауыма мектептегі физика пәнінен сабақ берген ағайым себепкер еді. Баламен бала болып футбол ойнап, оқушысының жан дүниесіне терең бойлаған сол ұстаз менің нағыз идеалыма айналды. Мектепті бітірген соң Ыстанбұлдағы Мармара университетінде әуелі 1 жыл дайындық бөлімінде, сосын 4 жыл математика мамандығы бойынша оқыдым, – дейді Муаммер мырза бізбен кездесуінде.

– Қазақстанға 1994 жылы келдім, Ақтөбе қазақ-түрік лицейінде табандатқан 14 жыл жұмыс істедім, көптеген талантты шәкіртті тәрбиелеп шығардым, – дейді Муаммер Гюль.



Алғашында 1 жылға ғана келісімшартпен келген жас маманға Ақтөбе жері, адамдары, оқу ордасы қатты ұнап қалады. Тағы бір жылға қалуды жоспарлайды. Сосын жыл өткеннен кейін біржола қалуға шешім қабылдайды.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР  
ҚАЛАЙ ІРІКТЕЛЕДІ?

«Кез келген оқушы «Білім-инновация» лицей-интернатында білім ала алмайтыны белгілі. Балалардың логикалық есептерге жүйріктігі, сосын жеке сөйлескен интервьюде баланың ерекше ойлау қабілеті ескеріледі» дейді үздік математик Муаммер Гюль. Ол 2008 жылдан бері осы лицейде үздіксіз жұмыс істеп келеді. Мектеп 15 жылдан бері қаладағы білім ордаларының арасында математика пәні бойынша I орынды иеленіп келеді.

– Математика – стандартты ілім. Тақырыпты өмірмен байланыстырып түсіндірсе ғана баланың миына жетеді, пәнге қызығушылығы артады. Мысалы, бір балада талант бар, бірақ оқуға ынтасы жоқ, бір бала бар – дарыны орташа, бірақ оқуға, еңбектенуге құлшынысы, ынтасы жоғары. Оқуға ынтасы барлардың



**P.S:** Оқушы жетістігі – ұстаз абыройы. Ұстаз еңбегі шәкірт жетістігі арқылы көрінеді. Ұстаздың мақсаты – қабілетті оқушыларды зерттей жүріп, олармен бірлескен тынымсыз еңбектің, шығармашылық ізденістің нәтижесін көру. Сондықтан ең алдымен өз кәсібіңе, өз пәнің деген зор сүйіспеншілік болғаны абзал. Осынау сүйіспеншілік оқушы бойындағы білімге, пәнге деген алғашқы құштарлығын түртіп оятады.

жүргізу өте маңызды. Бұл ретте Муаммер мырза ер балалармен жұмыс істеудің өзіне ыңғайлы екенін жеткізді.

– Маған ер балалармен жұмыс істеу оңай. Өзімнің екі ер балам бар, үлкені – шетелде Германия университетінде цифрлы бизнес мамандығы бойынша білім алып жатыр, кішісі – 8-сынып оқушысы. Ер балалардың ойын ашық айтуы, болмашыға ренжи бермейтіні, өмірді шынайы, эмоционалды түрде қабылдамайтыны ұнайды. Азамат ретінде оларды түсіну, жанынан табылу маған оңай, – дейді М.Гюль.

«Әлем математиктері бас қатырған, шеше алмаған қандай есепті шығаруды армандайсыз?» деген сауалымызға ол былай деп жауап берді: «Әрине, мен үшін есеп шығару, ойлану өте қызық. Бірақ мектепте бала тәрбиелеп жатқандықтан, өз отбасым бар, жеке өмірім бар дегендей, бос уақытым онша көп бола бермейді. Жақсы, талантты шәкірт тәрбиелеу арқылы бұл ғылымға қосқан ашуға жәрдемдесе аласың. Білгенінді үйретіп, білім беру арқылы өзіңе шексіз ләззат аласың, – деді Муаммер Гюль бізбен әңгімесінде.

БІЛІМ САЛАСЫНДА  
ҚАНДАЙ  
КЕМШІЛІК БАР?

«Отандық білімнің ілгерілеуіне кедергілердің бірі ҰБТ мәселесі дер едім» дейді тәжірибелі ұстаз.

– 2018 жылға дейін ҰБТ деңгейі жақсы болды, білім алғандар оқуға түсіп жатты. Ал одан бері қарай түлектердің білім деңгейі құлдылап кетті десе де болады. Ақшасын төлеген түлек (ҰБТ-ға төленетін ақы) тестілеуге тағы да қатыса береді... Талап азайған соң білім деңгейі төмендеп кетті деп айта аламын. Осы мені алаңдатады. Назарбаев университеті секілді озық оқу орны әзірге Қазақстанда жоқтың қасы, оларға нағыз іріктелген, білімді жастар оқуға түседі. Назарбаев университетінің білім тәжірибесін барлық жоғары оқу орындарына қолданса, сонда ғана отандық білімнің көкіеігі ашылmaq, – дейді астаналық мықты математик ұстаз Муаммер Гюль.



## ТЕАТР ТІГІНШІСІ

Тігіншілік өнерді бала кезден үйреніп, ел ішінде халыққа осы қызметін ұсынып жүрген тігіншілер көп. Пішу, тігу, құрау сынды машықтар олардың бәріне тән. Дегенмен театрдың тігіншісі болу сәл басқаша, ол ұжыммен бірлескен жұмысты және жан-жақты ізденісті қажет етеді. Кейіпкеріміз – елордадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры киім тігу бөлімінің басшысы Алмагүл КЕНЖЕБЕКОВА – сол ерекше өнердің иесі.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Алмагүл тігіншіге бұл өнері әжесінен дарыған. Ақмолада туып, осы өңірдің өзіне тән тігіншілік өнеріне машықтанып өскен ол көзін ашып, ес білгелі үнемі қолына ине және жіп ұстаумен келеді екен. Сөйтіп өмірлік мамандығын таңдағанда ол бірден костюм дизайны мамандығына оқыды. Жеке ательесін ашып, кәсібін дөңгелетті. Театрдағы қызметін бірнеше жыл бұрын қазіргі Қаллекидің көне ғимаратында отырғанда бастаған. Ал жаңа ғимаратқа көшкеннен кейін соңғы екі жылдан бері осы қызметте. Осы екі жыл ішінде оның тігіншілер бөлімі 15 қойылымның костюмдерін тіккен. Солардың ішінде «Құнанбай» секілді тарихи қойылымдар ерекше есте қалды.

– Тарихи қойылымдарға киім тігу көп ізденісті талап етеді. Оған матаны ала салып, әйтеуір ұлттық киімді тіге салуға болмайды. Кітаптар мен ескі мұрағат деректерін ақтарып, сол дәуірдегі және оқиға өрбіген өңірдегі киімдердің ерекшеліктерін зерделейміз. «Құнанбай» қойылымын қоярда «Абай жолы» романына және тарихи суреттерге де көз жүгіртіп, қамзол белдіктері, өңірі, етегі, жеңдері қандай болғанын, қандай оюлар салынғанын қарап, қалай пішілгенін бағамдадық. Жалпы театрда костюмдерді бекітуде режиссер және суретшілермен бірлесу жұмыс істейміз. Бірінші сценарий шығады, сосын режиссер жұмысына кіріседі. Суретші сценарий бойынша костюмдердің эскизін жасап, оны көркемдік кеңес бекіткен соң, тігіншілердің жұмысы басталады, – дейді А.Мүбәрәкқызы.

Қойылым барысында көп қозғалып, жүгіріп, құлап, оқыс қимылдар жасауды қажет ететін кейбір кейіпкерлерді ойнайтын актерлер үшін киімдерді ықшам, ыңғайлы етіп тігледі. Олар мұны өздері келіп өтініп сұрайды.

Біреуіне сахнада тұрғанда кейбір заттарды тез алып, шығаруға жан қалта, төс қалта керек болса, костюмдерге сондай қосымша өзгерістер білдірпей енгізіледі. Костюмдерді қалай тігу керектігін түсіну үшін тігінші режиссермен де ақылдасып, қойылымның дайындығын да барып көреді.

– Әр рөлге бекітілген актерлерге жеке-дара костюмдер тігіледі. Тіпті бір қойылымды екі құрам ойнайтын болса да, тура сол дизайнмен солардың әрбіріне өзіне сай, өз өлшеммен пішіп, тігеміз. Бұл гигиеналық жағынан да дұрыс, біреудің кигенін кимей, әр актер өзіне арналған костюммен шығады. Екі бөлшеміз бар, біреуінде киімдер пішіледі, екіншісінде – цехта тігіледі. Дайын киімдер костюмдер цехына жөнелтіледі. Бір қойылымға қанша және қандай мата керектігін есептейтін біз оны театр басшылығына айтып, портал арқылы алдыртамыз. Жалпы театрдағы әрбір шаруа осылай барлық ұжымның жұмыла кірісуі арқылы бітеді, – дейді тігінші.

Қазіргі таңда Алмагүл Мүбәрәкқызы басқаратын бөлім тігіншілерінің қолынан шыққан костюмдерді «Алтайдан ауған ел», «Жарқанат», «Күзгі іңір», «Хат», «01» және басқа да қойылымдардан көруге болады.

Қолынан келіп тұрған соң тігінші өзінің және жары мен ұлының да барлық киімін өзі тігеді. Бізбен кездескенде де үстіне киген әдемі жейдесі мен шалбарын, көктемге киетін сырт күртесін де өзіне шақтап және сапалы матадан қалауынша тігіп алған екен. Алайда қазір тігінші ретінде жеке кәсіп жүргізу аса тиімді емес көрінеді. Себебі қазіргі адамдар ұзақ күткенді қаламайды әрі тігу барысында өлшемін алу үшін баруға да ерінеді немесе уақыт таппайды. Одан да дайын ала салғанды қолайлы көреді. Сол себепті Алмагүл тігінші үшін қазіргі жұмысы – негізгі табысы әрі өнер мен руханият ордасы – театрда қызмет студия шығармашылық адамдары үшін өзіндік ләззаты барын да ақтарыла жеткізді.

№64 (4497) 01/06/2023 Бейсенбі

– Баянғали Тоқанұлы, «жігітке тоқсан өнер аз» дегендей, сізді жұрт ақын, драматург, жазушы, айтғыс ақыны, жыршы-жырау, манасшы, кино-режиссер, сценаристі, актер, әдебиет пен өнер зерттеушісі, мәдениет қайраткері, сыншы, сатирик, кинодокументалист және тележүргізуші ретінде таниды. Осы «атақтарыңыздың» ішінде қайсы қырыңызбен өз қатарыңыздан биік тұрмын деп ойлайсыз?

– Бұл сұрақ маған жиі қойылады. Баянғали бұрын айтғыс ақыны еді, енді жазушы, жазушыдан жыршы, жыршыдан манасшы, одан балалар әдебиетіне ауысып кетті дейді. Бірақ бұл бір-біріне ауысып кететін мансап емес, бұл – менің рухани байлығым, қазынам, менің көркемдік әлемім. Шығармашылықтың әр саласына жаннмен беріліп, ақыл, ой-санаммен еңбек етіп келе жатырмын.

Адам өзін бір нәрседен артық санаса, ол астамшылық, күпіршілік болады. Сондықтан сұрағыңызға бір-ақ ауыз өлеңмен жауап берейін.

*Аталар аспандағы аруағымыз,*

*Ағалар асқар таулар*

*ардағымыз,*

*Оттан ұшқын, асылдан*

*сынық деген*

Біздің де ізгілік жол арманымыз. Демек, біреуді біреумен салыстырудың да, таластырудың да қажеті жоқ, әрбір адамның өзінің жеке дара жолы бар. Мен өз жолыммен жүріп келе жатқан адаммын, ешқашан өзімнің шығармашылық өмір жолымды, еңбегімді басқа ештеңеге айырбастамаймын. Өмірі басшылық қызметке ұмытылған адам емеспін, байлық, мансап қуып кеткен жоқпын, маған оның қажеті де жоқ. Себебі саясаттың өз адамы бар, маған қазір сенатор бол десе, одан бас тартар едім, маған өз салам ұнайды, халқыма беретінім – осы шығармашылығым.

#### БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕ ЕРІККЕННЕН КЕЛГЕНІМ ЖОҚ

– Сіз көркем әдебиеттің әр жанрында құлаш сермеген қаламгерсіз. Өз басым, сол шығармашылық еңбектеріңіздің арасында балалар әдебиеті жайлы жазғандарыңыздың орны бөлек деп ойлаймын. Б.Әлімжановтың балаларға арналған өлең-жырлары «Шыршадағы шытырман» деген атпен жеке кітап болып шыққанын білеміз. Жақында «400 тәтті тақпақ» кітабыңыз жарық көрді. Оқырмандар бұл кітапты өте жақсы бағалап жатыр. Айтқызышы, біздегі балалар әдебиетінің жағдайы қалай?

– Маған осы әр саладағы шығармашылық өнердің барлығы да жақын. Өйткені олар – менің жанымнан туған, ақыл, ой-санам еңбегімнің жемісі, барлығы маған ыстық. Оларды бөліп жара алмаймын. Балалар әдебиетіне келсек, ол салаға кейінірек келдім. Ертгеректе «Балдырған» журналында жұмыс істегем, Мұзафар Әлімбаев ағамыздың редактор болып тұрған кезінде. Жақсылық Үшкөмпіров пен Әмен Қайдаровпен кездесіп, солардың балалық шағы жөнінде жаздым. «Төгілген қаймақ» деген әңгіме жазғам, сол әңгімеді «Балдырғаннан» алған болуы керек, сонау 90-жылдардан бері орыс мектептеріндегі қазақ әдебиеті деген сабақта оқытылып келеді. Тағы бір шығармам – «Мейірімді Асқар» деген ертегі. Бұның бірінші бөлімін орыс тілінде жаздым. Ол кейін сол «Мейірімді Асқар» деген атпен Мәскеуде «Детский роман» газетінде басылды. Соңынан ағылшын, өзбек тілдеріне аударылды.

Мен балалар әдебиетіне еріккеннен келгенім жоқ. Немерем балабақша тәрбиешілері берген өлеңді түсінбей әжесіне әкеліпті,

# БҰЙЫҒЫ ҰРПАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ БҰЛЫҢҒЫР

Елімізде балалар туралы қалам тербеп жүрген жазушылардың қатары тым көп емес. Балаларымыз көк жәшікке телміріп, шетелге аңсары ауған шақта оларды баурайтын тартымды шығарма жазу да екінші бірінің қолынан келе бермейді. Міне, осы бір бос кеңістікті толтырып, өз қарым-қабілетін ұлтының әдебиеті мен мәдениетінің дамуына, ұрпақтарымыздың сана-сезімін байытып, рухани жақтан мәйек алуына елеулі үлес қосып жүрген қаламгердің бірі – Баянғали Әлімжанов. Жақында оның балаларға арналған «400 тәтті тақпақ» кітабының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартқан еді. «Сәлемнің де сәті бар» дегендей, сол тұсаукесерде қаламгерді сөзге тартып, әдебиет, өнер жайлы әңгімелескен едік.

әжесі «мынаны мен түсінбедім, сен ақынсың ғой, сен түсінесің бе?» деп маған көрсетті. Оны мен де түсінбедім, былай қарағанда өлеңнің бағыты дұрыс, бірақ бала ұғымына ауыр. Содан өзім өлең жазып бере бастадым, немерелерім қолма-қол жаттап алғаннан кейін, мұның қажет екенін сезіндім. Осылайша балаларға біраз еңбектер жаздым. Оның ішінде таяуда ғана шыққан «400 тәтті тақпақ» балалар өлеңінің қорытындысы секілді. Бұл – балаларға рухани азық болсын деген игі тілекпен әр тақырыпта жазылған дүние. Әр қазақтың үйінде тұрса екен, балалар оқыса екен ниетпен жазылды. Бұл – бастауыш 5-сыныпқа дейін жеткіншектер оқитын шығармалар. Өткенде халықаралық кітап көрмесі болғанда бұл кітап ең көп сатылды. Сол жерде жүріп қолтаңбамды бердім, сонда қарапайым оқырмандарымыз келіп, қызығып сатып алып жатты, тіпті бір ақсақал туғанына 5 күн



Ал атам қазақ балаларын тыйыммен міндеттеп, тәрбиелеген. Жаман жерді баспа, ұяны бұзба, құйынды кума деген сияқты тыйым арқылы да көп нәрсені санасына сіңірген. Сол сияқты «мына кітапты дауыстап оқы, жатта» деп бағыттауымыз, білуге деген құштарлығын оятуымыз керек

біздің кітабымыз жетуі керек. Ал біз алысты түгілі, өзіміздің Қазақстандағы балаларға кітап жеткізе алмай отырмыз. Бұл – ойланатын мәселе.

Кезінде мектеп, балабақша кітап алып тарататын еді, қазір оған мән бермей кетті ме, әлде тыйым салды ма білмедім, сол үрдіс үзіліп қалды. Қазір балабақшаның көбі жекеменшік болып кетті ғой, олар не оқытып, қандай бағыт беріп жатқанын біреу біле ме? Жарайды, балабақша жекеменшік болсын, бірақ ондағы рухани тәрбие мемлекеттік болуы керек. Бала тәрбиесіне ата-анасынан бастап балабақшадағы тәрбиешісі, бастауыш мұғалімдері барлығы тізе қосып, атсалысуы керек. Бала – бәріміздің баламыз, олар біздің болашағымыз. Бүгінгі балаң қандай, ертеңгі халқың сондай. Сондықтан да бұған аса көңіл аударып, еңбек етіп жатқаным осы.

#### БАЛАНЫ БАСТАН...

– Қайтсек, балаларда кітап оқу мәдениетін қалыптастырамыз?

– Балаларға кітап оқитын әдетті кішкентай күнінен қалыптастыру керек. Рас, қазір, заман басқа, смартфонсыз, ғаламторсыз болмайды, пайдалансын. Бірақ кітап оқытып, бала күнінен үйрену керек, оған бәріміз атсалысуымыз қажет, кітап оқуға қызықтырып, былайша айтқанда, міндеттеу керек. Баланың құқығы, оның еркін сақтау керек деген бізге жат дүние, оның ар жағында зұлым саясаттың жатпасына кім кепіл? Балаларды бұзудың, азғырудың, бетімен жіберудің



Адамға жыр қонады, соны айтқысы келіп, айтпасам тұра алмаймын деген жағдайда жырлап айтқан. Міне, жыршылықтың қасиеті де – осында. Қазір балалардың жыр түгілі, бір шумақ өлеңді жаттап айту қабілеті төмендеп кетті, өйткені бәрі технологияға сеніп, мидың жұмысын әлсіретіп алған

саясаты жатуы мүмкін. Ал атам қазақ балаларын тыйыммен міндеттеп, тәрбиелеген. Жаман жерді баспа, ұяны бұзба, құйынды кума деген сияқты тыйым арқылы да көп нәрсені санасына сіңірген. Сол сияқты «мына кітапты дауыстап оқы, жатта» деп бағыттауымыз, білуге деген құштарлығын оятуымыз керек.

– Қаламгердің қарымы шығарған кітабының санымен өлшене ме, әлде жазған тақырыбының өзектілігі, халыққа қажеттілігімен бағалана ма?

– Әрине, әдебиеттің сапасы, кітаптың қасиеті оның санымен өлшенбейді. Кейде бір ғана өлең, бір ғана поэма, бір ғана роман үлкен дәрежеге көтеріліп, бүкіл халықтың, адамзаттың қазынаға айналған кездері де аз емес. Әр нәрсені жазу ішкі қажеттілігінен туады, халыққа ішіндегі айтқың

келеді. Оның сапалы болғаны, денгейі жоғары болғаны жақсы. «Сен неге көп жаздың, сен неге аз жаздың» деуге де болмас, қай шығарманың бағы жанып, халықтың қазынаға айналатынын білмейсің. Біздікі – жақсы үмітпен, жақсы тілекпен жақсы шығармалар жазу. Қай шығарма болмасын оның рухы сау болуы керек, адамның бойындағы ізгі сезімдерін оята білуі қажет. Жаманнан бездіріп, жақсылыққа шақыру. Ізгілік үшін күресу – бұл өнердің жолы.

– Сіз 50-ден астам кітап жаздыңыз. Бәрі де үлкен еңбек, десе де осы шығармалардың ішінде өзіңіз «Кенжекейім бір төбе» дейтіндей айрықша артық бағалайтын еңбегіңізді айтқызышы?

– Осы күнге дейін 70-ке жуық кітап жаздым, 25 томдық шығармалар жинағым шықты. Әр салада: поэзия, драматургия, балалар әдебиеті, айтғыс жайында, сондай-ақ танымдық, әдеби дүниелерді де, зерттеу еңбектерін де жаздым. Өзімді қызықтырған, айтқым келген дүниелерді қазақша болсын, орысша болсын, жазып жүрген жайым бар. Себебі біз басқа ұлт өкілдеріне қазағымыз туралы айтқымыз келсе, осындай өрісі кең айданға шығуымыз керек.

Ал енді осының ішінде қайсысы жақын десең, бұллардың бәрі жанымға жақын, ішінде көбірек танылғаны бар, салмағы ауыр үлкен дүниелер де бар. Кейбіреуі тек өз ұлтымызға ғана немесе ауыл, аймаққа ғана арналған дүниелер болуы мүмкін. Бірақ оның бәрінің ішінде менің жанымның бөлшегі бар. Мен ешнәрсені сол қолыммен,

тиражбен шықты, ағылшыншаға да аударылды, жақында түрік тілінде 3 жарым мың тиражбен Ыстанбұлда жарық көрді. Оны шығарған – Явуз Селим Пинарбашы. Ол – өзі жазушы, ғалым адам, көп томды кітаптар жазған кісі. Сол осы кітапты оқып отырып 100-ден астам сөз жазып алған және бұл кітапты күллі түрік оқу керек деген баға берді. Бұл кітаптың қазақшасы жарыққа шықпаған еді, енді «Фолиант» баспасы қолға алып жатыр.

#### ЖЫРШЫЛЫҚ ҚАНМЕН ДАРИТЫН ҚАСИЕТ

– Баянғали Әлімжанов туралы сөз болса, оның жыршылық, манасшылық қырына соқпай кету мүмкін емес. Сіз қазақтан шыққан бірден-бір манасшысыз. Қазақтың «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Тәуке», «Арқалық батыр» сынды қаншама жыр-дастанды жатқа айтасыз. Елімізде сіз сияқты жырды таңнан таңға айтатын адам жоқтың қасы. Қытайда Қазым Әлменұлы деген қиссагер бар, қазақтың 104 қисса-дастанын жатқа айтады. Қытай елі сол ақсақалды «Қазақ жыршыларының мұрагері» деп танып, мемлекеттен арнаулы қаржы бөліп, шәкірт тәрбиелетіп, жыршылық өнерге мән беріп отыр. Біздің елде жыршылық өнерге мемлекеттік қолдау бар ма?

– Жалпы қазақтың жыршылық өлеңіне мемлекеттік қамқорлық бар. Мысалға, Қызылордада Қорқыт ата университетінде факультет бар жыршы-жырауларды оқытатын. Демек, жалпы қазақ жыршына, қазақтың жыршылық өнеріне мән берілген. Өйткені шет елдерде, дамыған елдерде, өркениетті елдерде өздерінің сол жыршылық өнерін жоғалтып алып, оны қайтадан қалпына келтіре алмай жатқан жайы бар. Бізде сақталып қалды, дегенмен әр заманның өзінің рухани қажеттілігі бар. Ескі замандағы жыршылар халықтың, заманның талабынан пайда болған, халықтың талантты ұл-қыздары әдеби туындыларды жаттап алып, қағазға түсіріп тұрған кезде ауыздан ауызға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, былайша айтқанда, көшпелі кітапхана сияқты рөл атқарған. Ал заманы өңейіп ішінде жүрегіміз оты, жанымның жылуы, ойымның қуаты бар.

Ал енді прозада «100 жылдық толғау» атты романын қазақтың 100 жылдық қасиетті тарихын, 100 жасаған қарияның тағдырымен байланыстырып, 150 беттік кітапта айтқып беруге тырыстым. Оны орыс оқырмандары оқып «У вас какой лёгкий, изящный стиль» деді. Бірінші орыс тілінде жазғам, одан қазақ тіліне аударылды. Ағылшын, араб тілдеріне аударылды.

Мәшһүр Жүсіп, Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім Құдайберді аталарымыздың жазып кеткен аңыздары бойынша «Абылай хан мен батыры» деген шығарма жаздым, ол орысша 5 мың дана



болған немересіне сатып алды. Әуелі кейбір адамдарға жетпей қалып, қайдан алсақ болады деп іздеп жүргендері де болды.

– Қазір жұрт арасында «қазақ тілінде жазылған дені дұрыс балалар шығармасы жоқ» деген пікір де айтылады. Сіз мұнымен келісесіз бе? Шығарма жоқ па, әлде бар шығарманы көріп, білмей танымай жүрміз бе?

– Бізде балалар әдебиеті бар және ол өте бай әдебиет. Біз балалар әдебиетіне біреулердің көңілі толмайды екен деп оны жоққа шығара алмаймыз. Ы.Алтынсарин ағамыздан бастап қаншама қазақтың қаламгерлері балалар әдебиетіне қалам тартқан. Тіпті, өзінің шығармашылық өмірін балаларға арнаған ағаларымыз болған. Бірақ сол шығармалардың көбі оқырмандардың қолына жете бермейді. Өйткені ол кітаптар көп болса, 1000 тиражбен шығады, ол елдің бәрінің

қолына түсе бермейді. Оның Әуелі кейбір адамдарға жетпей қалып, қайдан алсақ болады деп іздеп жүргендері де болды.

Біз қазақтың балаларына бала күнінен кітап оқуға баулуға және соларға түсінікті, қызықты деген кітаптарды жеткізуге міндеттіміз. Бұған, әрине, мемлекеттік органдар да атсалысуы керек. Білім министрлігінен бастап барлық азаматтар атсалысса, өте жақсы болар еді. Мысалы, «400 тәтті тақпақтың» бір қайраткер азамат біразын сатып алып, Түркиядағы қазақ бауырларымызға таратып жатыр екен. Бұл – қуантарлық жағдай.

Ресейде, Қытайда, Өзбекстанда т.б. елдерде қаншама қазақ бауырларымыз тұрып жатыр, солардың балаларының тәрбиесіне қажетті оқулық ретінде

## ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ – ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ

Елордадағы «Достық» үйінде саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты дөңгелек үстел өтті.

Қазақ тарихында ауыр ізі қалған саяси қуғын-сүргін, ашаршылық құрбандарын еске алу шарасының мақсаты – Қазақстан халқы тарихының қайғылы кезеңдері туралы – Қазақстан халқы тарихының қайғылы кезеңдері туралы сақтау арқылы ұлттық бірлікті және қоғамдық келісімді нығайтуға, қазақстандық патриотизмді, жалпыазаматтық бірегейлікті одан әрі дамытуға және жеке тұлғаның ел тарихындағы рөлін айшықтау.

Басқосуға Астана қаласы әкімдігінің өкілдері, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссияның мүшелері, сондай-ақ Астана қаласы

ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының және этномәдени бірлестіктердің мүшелері қатысты.

«Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» жобасы 13 жылдан бері жалпыұлттық тарихи сананы қалыптастырудағы ауқымды шараның бірі ретінде қалыптасты. Халықаралық жобаның аясында бірқатар ғылыми-ағартушылық кітап, монография, деректі фильм түсірілген. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің архивімен бірлесіп, депортация тарихына арналған құжаттар жинағының бірнеше томы жарық көрген.

Алсу ЖУМАНОВА,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің 1-курс студенті

## МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау мемлекеттік органдардың басым бағыты болып табылады. Бизнесі дамыту уәкілетті және мемлекеттік органдардың тиімді жұмысына байланысты екендігі баршаңызға белгілі.

Мемлекет басшысы 2020 жылы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылына ерекше назар аударып, онда шағын және орта бизнес қызметінің жаңа нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу туралы атап өтті.

Салауатты кәсіпкерлік қоғамды дамыту мақсатында, Мемлекет басшысымен 2021 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласына жаңа реттеуші саясатты енгізу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілді. Осы реформа шеңберінде Кәсіпкерлік Кодекске (Кодекс) енгізілген өзгерістер жыл басынан бастап заңды күшіне енді. Өз кезегінде, өзгерістер мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру мен өткізудің тәртібіне әсер етті. Бұдан былай бақылау профилактикалық бақылау, тексеру және тергеп-тексеру нысанында жүзеге асырылады.

Бұл ретте ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін тексерулер жойылды. Оның орнына біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру туралы бақылаудың жаңа нысаны енгізілді. Субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау енді оған қатысты өткен жылы бармай профилактикалық бақылау жүргізілген жағдайда ғана тағайындалатын болады. Жоспардан тыс тексерулерді тағайындау үшін берілген нұсқамалардың орындалуы, жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өтініштері, прокурордың тапсырмалары, қайта тексеру, қылмыстық іс жүргізу бойынша және салық заңнамасының талаптары негіз болып табылады.

Бұл барлық нормалар Кодекстің 13 тарауымен реттеледі. Тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі бизнесі заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз ететін «Тексерулер субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылғандығы назарларыңызға ұсынылады. Егер кәсіпкерлік тексеруші мемлекеттік органдардың тарапынан заңсыз әрекеттерге тап болса, Бас прокуратураның call-орталығының 115 бірыңғай нөмірі телефоны бойынша хабарлау сұралады.

Сондай-ақ аталған мәселелер бойынша Комитетке және оның аумақтық органдарына жүгіне алады. Сонымен қатар, кез келген кәсіпкер келген тексерушінің «www.qamqor.gov.kz» ақпараттық порталынан тиісті жолға актінің тіркеу нөмірін енгізу арқылы тексерудің заңдылығын көре алады. Тексеруші мекеме, тексеру кезеңі, тексеруші туралы деректер бойынша ақпарат алғаннан кейін, тексерудің тіркелгеніне де көз жеткізуге болады. Егер мұндай мәліметтер ақпараттық порталда болмаса, онда тексеру прокуратура органдарында тіркелмеген және заңсыз.

Баяндалғанын негізінде, уәкілетті органдар тарапынан кәсіпкерлердің құқықтары бұзылған жағдайда, бизнес субъектілері өз құқықтарын қорғау үшін көрсетілген сервистерге жүгіне алады. Бизнесі қорғау – мемлекет дамуының кепілі.

Дәмелі ХАМИТОВА,  
ҚР Бас прокуратурасы  
Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу  
жөніндегі комитетінің  
басқарма бастығы



## АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Елордада Pressclub Silteme баспасөз орталығының ұйымдастыруымен «Азық-түлік қауіпсіздігі: қазақстандықтарға қауіп төніп тұр» деген тақырыппен баспасөз мәслихаты өтті.

Бұл тақырып бүгінде өте өзекті. Себебі ДДҰ дерегі бойынша жыл сайын 600 миллионға жуық адам (бұл шамамен әлемдегі он адамның бірі) 200 түрлі тағамнан болатын аурумен ауырады. Ал жыл сайын 420 мың адам дұрыс тамақтанбағанның салдарынан көз жұмады. Әсіресе балалар көп зардап шегуде. Дұрыс тамақтанбағанның салдарынан денсаулығына зиян келтіретіндердің 40 пайызы – 5 жасқа дейінгі балалар. Оның ішінде жыл сайын 125 мың бала қайтыс болады. Қазақстанда

да жағдай алаңдатарлықтай. Жиында профессор Балғабай Майқанов еліміздегі тағам өнімдерінің қауіпсіздігі мәселесіне алаңдайтынын айтты. Қазақстандық ғалымның пікірінше, тағам өнімдерінің сапасына бақылауды күшейту қажет.

«Практикалық тұрғыдан тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жеткіліксіз деңгейде. Бұл мәселе жылдан-жылға шешімін таппай келеді. Оның бірнеше себебі бар. Ол – азық-түлік қауіпсіздігін бақылауға көзқарастың әртүр-

лі болуы, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін сараптауда бақылаудың әлсіздігі, халықаралық ұсыныстарды білмеу немесе елемей, codex alimentarius азық-түлік стандарттарына негізделген тиісті қызметтер мен тәуекелдерді бағалау және талдамау» деді Б.Майқанов.

Ғалым республикалық ветеринарлық зертхананың барлық облыстық бөлімдерінде тағам өнімдерінде бөгде заттардың болу-болмауына (антибиотиктер, гормондар, радиобелсенді заттар, пести-

цидтер, афлатоксиндер және т.б.) үнемі мониторинг жасап, тағам қауіпсіздігі зертханаларын әлемдік стандарттарға сәйкес жабдықтау және жаңғырту, аграрлық жоғары оқу орындарындағы «Ветеринарлық санитария» мамандығының атын «Тағам қауіпсіздігі» деп ауыстыру қажет екенін алға тартты.

Жансая АБИРБЕКОВА,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

## ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Балалар жас мөлшеріне байланысты өзін күтіп тұрған қауіп-қатер дәрежесін өз бетінше бағамдай алмайды. Сондықтан жасөспірімдердің қауіптің алдын алуға қатысты білімін жетілдіру қажет. Осы мақсатта жақында Астанада «Құтқарушы» спорт кешенінің аумағында оқушылар арасында жас құтқарушылардың қалалық жарысы өтті.

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен өткен сайысқа елордалық Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, генерал-майор Қуанар Базарбаев, «Төтенше жағдайлар органдары ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестігі Ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы генерал-майор Мейрам Ысқақов және «Өркен» балалар-жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының директоры Нұрлан Тяженов қатысып, құттықтану сөз сөйледі. Жарыстар өрт-құтқару спортының барлық бағытын қамтып, бірнеше кезеңнен тұрды. Атап айтқанда, психологиялық тестілеу «Визит карточ-



касы» конкурсы, командалар арасында үздік әнұран, ту, киім үлгісі, өзін таныстыру, «Газет – жарнама қалқаны» байқауы, алғашқы көмек көрсету және авариялық-құтқару жұмысын жүргізу, техногенді апат аймағындағы құтқару жұмысы, табиғи орта жағдайындағы іздестіру-құтқару жұмысы, су акваториясындағы құтқару жұ-

мысы, өрт сөндіру эстафетасы өтіп, мұнда нормативтер ғана емес, жаттығулардың дұрыс орындалуы да ескерілді.

Тартысты додаға қатысқан 16 команда арасында А.Байтұрсынұлы атындағы №48 мектеп-лицейінің жас құтқарушылары жеңіс тұғырынан көрінді. Ал жүлделі 2-орын №65 мектеп-гимназияның

командасына берілсе, №8 мектеп-лицейдің жас құтқарушылары 3-орынды иеленді. Жеңімпаздарға грамота, медаль, кубокпен қатар, бағалы сыйлықтар табысталды.

Шынар ӘБИП,  
Л.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің 2-курс студенті

### АСТАНА ҚАЛАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2023 жылғы маусымның үшінші онкүндігінде «Астана қаласының тұрғындарына көліктік қызмет көрсету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz.

Е.КАНАЛИМОВ,  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

### ХАБАРЛАМА

«Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің 2023 жылғы 17 мамырдағы № 957/0; 2023 жылғы 29 мамырдағы № 1008/0 және 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 745-0 бұйрықтары негізінде «Астананың шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің БИН 120340003574 жарғылық капиталы 16 104 508 (он алты миллион жүз төрт мың бес жүз сегіз) теңге төмендегені туралы хабарлайды.

Құрметті қала тұрғындары мен қоңақтары! «Столичная дезинфекция» ЖШС 31.05.2023 жылдан бастап Астана қ. ірі, таяз және уақытша су айдындарында және ашық станцияларында 2-турда масаларды жою жұмыстары басталатынын хабарлайды. Тел.: 38-20-08, 8-707-300-50-30.

«Elorda Aqparat» медиакомпаниясы ұжымы Ақмола облыстық «Арқа ажары» және «Astana Aqshamy» газеттерінің бұрынғы қызметкері, белгілі журналист, ақын Амангелді Дауылбайұлы Жұмабектің қайтыс болуына байланысты марқұмның туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## АҚЫН ЖАРЫНЫҢ АЗАБЫ

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Ақ желкен» студенттік театры ақын Фазиз Ештанаевтың «Гүлбаһрамның көз жасы» драмасының премьерасын ұсынды. Спектакльдің қоюшы режиссерлері – Нұрфат Вахитов және Думан Омар. Қойылымды Парламент депутаттары, С.Сейфуллин және АЛЖИР мұражайларының басшылығы, Астананың драма театрларының әртістері тамашалап, оң баға берді.

Басты рөлді, мемлекет қайраткері, ақын, драматург, халық композиторы Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам бейнесін сомдаған 3-курс студенті Айдана Әмірбек рөлге еніп, кейіпкердің жандүниесін шынайы бере алды. Гүлбаһрам ұлы Аяннан айырылған кезіндегі жанайқайы көрермендердің жүрегін шымырлатып, көз жасына ерік бергізді. Өз үйінен қуылып, баласын жер қойнына тапсырып, соңында «АЛЖИР» лагеріне жіберілген Гүлбаһрамның тағдыры аяныш тудырды.

Студенттерден құрылған актерлік ансамбль сахнада кәсіби әртістерден кем түспейтін шеберліктерін көрсетті. Жалпы спектакль қуғын-сұр-

гінге ұшыраған қайраткерлердің, олардың жақындарының көрген азабын паш етті.

Кеш соңында Парламент депутаты Аманжол Әлтаев сөз сөйлеп, қуғын-сүргін тақырыбында өлеңін оқыды. Ол бұл шараның маңыздылығын атап өтіп, осындай қойылымдар арқылы өскелең ұрпақ бойына имандылық пен тарихқа деген құрметті сіңірілетінін атап өтті. Жастарға жарқын болашақ тіледі.

Жібек РАХИМОВА,  
Л.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің  
2-курс студенті



## «ГАУҺАРТАСТЫҢ» 50-ІНШІ ҚОЙЫЛЫМЫ

Астанадағы Музыкалық жас көрермен театрында көрермендердің қызығушылығын тудырған «Гауһартастас» музыкалық драмасының 50-інші көрсетілімі өтті. Мерейтойлық қойылымды Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, шығарма авторы - көрнекті жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабеков, Қазақстан Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібеков арнайы келіп тамашалады.

«Жақында Музыкалық жас көрермен театры Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарына гастрольдік сапармен барып, «Гауһартастас» нағыз дүрбелең тудырды. Билеттер бірнеше минутта сатылып, Атырауда спектакль бір күнде үш рет көрсетілді. Елордалық театрда бос орын болмағанына және көрермендердің ынта-ықыласына қарап, қойылым жергілікті көрермендерге өте қатты ұнағанын байқауға болады» деген министр Астана күніне орай «Гауһартастың» көрсетілімін

Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрында көрсетуді ұсынды.

«Сол кезде осы керемет қойылымды мүмкіндігінше көп адам тамашалай алады. Театрдан шыққан кезде мен бір күнде спектакльдің екінші көрсетілімін күтіп тұрған өте көп адамды байқадым. Отандық туындылардың көрермен тарапынан осындай қызығушылық тудыратыны қуантады. Министрлік қазақстандық авторларды қолдау және отандық драматургтердің

қойылымдарының санын арттыру бойынша шаралар әзірлеп жатыр. Осы деңгейдегі спектакльдер бұл мақсаттарға міндетті түрде қол жеткізеді деп сенімдімін» деді Асхат Оралов.

«Гауһартастың» қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров екенін еске сала кетейік. Бас кейіпкердің бірі Қайыркен бейнесін белгілі әртіс «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Асылхан Төлепов сомдайды.

## ЫҚЫЛАС ҚОБЫЗЫНЫҢ ҚОҢЫР ҮНІ

Р.Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы «Ұлыларға тағзым» жобасы аясында қобыз күйлерінің негізін қалаушы Ықылас Дүкенұлының 180 жылдығына орай рухани өнер кешін өткізді. Кеш музыкалық бағытта ғана емес, танымдық сипатта өрбіді.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Дәулеткер күйші-ұстаз, Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай кеш тізгінін ұстап, қобыз күйлерінің оқытылуы, дамуы, Ықылас шығармашылығына қатысты біраз мәліметтермен таныстырды. Оның айтуынша, кеңестік идеология өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғына дейін қобыздың адымын аштырмады. Тек 1968 жылы Алматы мемлекеттік консерваториясында (қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы) оқу орнының сол кездегі ректоры Еркеғали Рахмадиевтің қолдауымен қобыз сыныбы ашылды. Бұл тұрғыдан көрнекті композитордың қобыз күйлерінің, жалпы осынау төл аспабымыздың дамуына қосқан үлесі мол.

Ол осы сыныпқа Дәулет Мықтыбаев пен Жаппас Қаламбаевты оқытушылыққа алдырды. Бұл қобызшы-ұстаздардың қолға алуымен қобыздың дамуы мен насихатталуы басталды. Олардан талай шәкірт өрбіді. Бұл қатарда Базархан Қосбасаров, Сматай Үмбетбаев сынды



қобызшыларды ерек атап өтуге болады. Қазір Мықтыбаев пен Қаламбаевтың немере шәкірттері, яғни олардың шәкірттерінің оқушылары сахнадан көрініп жүр. Соның бірі – кешке Қарағандыдан арнайы шақырылып, өнер көрсеткен Тәттімбет атындағы өнер колледжінің жоғары санаттағы ұстазы, Білім беру саласының үздігі Жанқаш Жұмбаев.

Ал Астанада қобыздың насихатталуына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Раушан Оразбаева көп үлес қосып жүр. Ықылас Дүкенұлының шығармашылығына арналған кешке ол да қатысып, қобызды сарнатты. Осы орайда алдағы 4 маусым күні «Қазақконцертте» оның «Аққулар сазы» атты концерті өтетінін айта кетейік.

Кеш барысында қобыз және дом-

быра күйлері бірін-бірі алмастырып шертілді. Қаратау шертпесінің шебері, күйші Сүгір Әліұлы – Ықылас Дүкенұлының тікелей шәкірті еді. Сүгір Ықыластың күйлерін домбырада шертіп, әрі қарай дамытып алып кетті. Мәселен, Ықыласта да, Сүгірде де «Кертөлғау» аталатын күй бар. Сондай-ақ Ықыласта «Жолаушының қоңыр күйі» аталатын шығарма болса, Сүгірдің «Жолаушының жолды қоңыры» атты күйі елге белгілі. Мұны күй өнеріндегі назир дәрестірі деп атасақ болады.

Концерт көрермендеріне осы күйлер ұсынды. Сондай-ақ Ықыластың «Жезкиі» атты атақты күйі қобызда да, домбырада да берілді. Оларды Әділет Азбаев пен белгілі күйші Қайрат Айтбаев тартты. Осы концертке талантты әнші Сырым Мұхаметжановтың орындауында Жақсыгелді Сейіловтің «Жезкиі» әні де үйлесе кетті.

Ықылас Дүкенұлы туралы алғашқы деректің бірі Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында кездеседі. Осы орайда Сәкеннің «Тау ішінде» әнінің шырқалуы да орынды болды. Ақселеу Сейдімбектің «Сарыарқа» әні де әуелді. Жұмысы шахтада болса да, өнерге құштар, қобызды қолдан өзі шауып жасайтын Әлібек Бимендин Илья Жақановтың «Толағайын» қобызбен айтып, елең еткізді. Жас қобызшылар өнер көрсетті. Кеш поэзиямен көмкеріліп, ақын Ерғожа Тілепбердиев қобыз құдіретін танытатын өлеңдерін оқыды.



- Халықаралық балаларды қорғау күні

01/06 11:00

«АҚЫЛ ПАТШАЛЫҒЫ» ЕРТЕГІСІ

Жастар театры

01/06 11:00

«КҮН АСТЫНДАҒЫ КҮНЕКЕЙ ҚЫЗ» ЕРТЕГІСІ

Музыкалық жас көрермен театры

01/06 12:00

«БАЛАЛЫҚ ШАҚ» КОНЦЕРТІ

«Астаналық» саябақ

01/06 12:00-17:00

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДАН ТУРНИРЛЕР

«Жетісу» саябағы

01/06 12:00

«БАЛАЛЫҚТЫҢ БОЙТҰМАРЫ» КОНЦЕРТІ

Әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайы

«БОЛАШАҚ – БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА» КОНЦЕРТІ

Амфитеатр

01, 02/06 16:00

«ЭЛВИН ЖӘНЕ СИҚЫРЛЫ ОРМАННЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ» ҚОЙЫЛЫМЫ

Қуыршақтар театры

01/06 19:00

«БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ» ЕРТЕГІСІ

Nomad City Hall

01/06 12:00, 16:00

«БАЛАЛАРҒА КҮЛКІ СЫЙЛА» ІС-ШАРАСЫ

Астаналық цирк

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы «Балалар филармониясы» жобасы аясында балаларға тегін мәдени іс-шаралар мен концерттер ұйымдастырады.

1 маусым Балаларды қорғау күніне орай «Мультфильмдер әлеміне саяхат» атты муви концерт өтсе, 2 маусымда «Гүлдер» ансамблінің бас балетмейстері мен хореограф Мәлдір Нығметова жас көрермендерге хореографиялық өнерден шеберлік сабағын өткізеді. 7 маусымда «Туған» фольклорлы-этнографиялық ансамблі жас музыка әуесқойлары үшін кезекті лекция-концертін өткізеді. 9 маусымда мектеп оқушыларына «Опера әлемінде» атты танымдық лекция-концерті, 14 маусымда «Театр және актерлік өнер» шеберлік сабағы, 16 маусымда «Ethno modern» шоу-концерті, 21 маусымда Қазақ мемлекеттік симфониялық оркестрінің солистері жас көрермендерді классикалық музыкалық аспаптарда ойнау бойынша шеберлік сабағын ұйымдастырады.

23 маусымда «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының әртістері «Жетіген мен домбыраның үндесуі» атты лекция-концертін, 28 маусымда «SAZ & SOUL» вокалды-аспаптық ансамблінің солистері «Джаз дегеніміз не?» атты лекция-концертін ұсынады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №64

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА